Бекітілді
№ 17 бөбекжай-бақша директоры
М.А.Кунасова ________
№ 1 педагогикалық кеңес
31.08.2021 ж

# Мектепке дейінгі ұйымда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру бойынша жылдық перспективтік жоспары
## «Ақжелкен» мектепалды даярлық қазақ тобы. 5-6 жас
## 2021-2022 оқу жылы

Бекітілді
№17 бөбекжай-бақша директоры
М.А.Күнасова ____
№1 педагогикалық кеңес шешімі:
31.08.2021 ж.

| Өтпелі тақырыптар | | | | |
|---|---|---|---|---|
| № | Айлар | Өтпелі тақырыптар | Апталық тақырыптар | Апталар |
| 1 | Қыркүйек | «Отбасы және балабақша» | Білім күні- біз болашақ оқушымыз | I апта |
| | | | Отбасы және отбасы құндылықтары | II апта. |
| | | | Адам-ол кім | III апта. |
| | | | Тірі табиғат бұрышы | IV апта. |
| 2 | Қазан | «Өсімдіктер әлемі» | Дала, бақша,бөлме гүлдері | I апта |
| | | | Орманда нелер өседі? | II апта. |
| | | | Ағаштар мен бұталар. Қызыл кітапқа енген өсімдіктер | III апта. |
| | | | Берекелі Алтын күз. Ас атасы-нан. | IV апта. |
| 3 | Қараша | «Табиғат әлемі» | Құстар біздің досымыз. Қыстайтын құстар | I апта |
| | | | Үй жануарлары. Өсу жолдары | II апта. |
| | | | Жабайы жануарлар әлемі | III апта. |
| | | | Су қойма мекендеушілері | IV апта. |
| 4 | Желтоқсан | «Менің Қазақстаным» | Тарихқа саяхат | I апта |
| | | | Менің туған қалам | II апта. |
| | | | Тәуелсіз Қазақстан | III апта. |
| | | | Астана-Отанымыздың жүрегі | IV апта. |
| 5 | Қаңтар | «Дені саудың жаны сау» | Бәрі мен жайлы | I апта |
| | | | Дұрыс тамақтану | II апта. |
| | | | Өз-өзіңді қорғай біл | III апта. |
| | | | Спорт-денсаулық кепілі | IV апта. |
| 6 | Ақпан | «Бізді қоршаған әлем» | Таңғажайып айналамызда | I апта |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Көліктер. Жол жүру ережесін сақта | II апта. |
| | | | Электроника әлемі. Байланыс құралдары | III апта. |
| | | | Пайдалы қазбалар | IV апта. |
| 7 | Наурыз | «Салттар мен фольклор» | Біздің салт-дәстүріміз | I апта |
| | | | Қазақ халық ауыз әдебиеті бізде қонақта | II апта. |
| | | | Өнер көзі- халықта | III апта. |
| | | | Наурыз келді, табиғат оянды | IV апта. |
| 8 | Сәуір | «Біз еңбекқор баламыз» | Мамандықтың бәрі жақсы | I апта |
| | | | Адам және ғарыш | II апта. |
| | | | Табиғатты аялайық | III апта. |
| | | | Қызықты тәжірибелер | IV апта. |
| 9 | Мамыр | «Әрқашан күн сөнбесін» | Достық біздің тірегіміз | I апта |
| | | | Отан қорғаушылар | II апта. |
| | | | Шөпте не жорғалайды | III апта. |
| | | | Көңілді жаз | IV апта. |

**Қыркүйек айы. І апта.**

**Өтпелі тақырып:**«Отбасы және балабақша»

**Тақырыбы:** «Білім күні- біз болашақ оқушымыз»

**Мақсаты:** Балаларға 1-қыркүйек күні – білім күні жайында түсінік беру. Балалардың мектеп туралы білімдерін жүйелеу. Балаларда әлеуметтік дағдыларды,балабақшаға сүйіспеншіліксезімді қалыптастыру. Өз туған елдеріне, жерлеріне, балабақшасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

| **«Денсаулық» -3**<br>Дене шынықтыру-2,5<br>Қауіпсізмінез-құлық негіздері –0,5 | **«Қатынас»-5**<br>Сөйлеуді дамыту-1,0<br>Сауат ашу-2,0<br>Көркем әдебиет-1,0<br>Орыс тілі-1,0 | **«Таным» -2,5**<br>Математика негіздері-1,0<br>Құрастыру-0,5<br>Жаратылыстану-1,0 | **«Шығармашылық» - 5**<br>Сурет салу-1,0<br>Мүсіндеу-1,0<br>Жапсыру-1.0<br>Музыка-2,0 | **«Әлеумет» -1,5**<br>Өзін-өзі тану – 1,0<br>Қоршаған ортамен танысу-0,5 |
|---|---|---|---|---|
| **1. Дене шынықтыру**<br>Сапқа тұру, аяқтың ұшы, өкшемен жүру, баяу қарқынмен жүруді алмастыру, музыка ырғағына сәйкес және жеңіл жүгіруге жаттықтыру. Гимнастикалық орындық үстімен жүрген кезде тепе-теңдік сақтауға, затты желке тұсынан оң, сол қолмен лақтыруға үйрету.<br><br>**2. Дене шынықтыру**<br>Сапқа тұру, аяқтың | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Балабақшадағы алғашқы күн**<br>Балабақша туралы түсініктерін тереңдету, кімдер жұмыс істейтінін атап, таныстыруды жалғастыру, бөлмелер ажыратуға үйрету. Ұқыптылық дағдыларын жетілдіру, достыққа тәрбиелеу.<br>**Сауат ашу**<br>**Дыбыстар болған екен**<br>Дыбыс туралы түсінік беру. Балалардың дыбыстарды айтуын қадағалап, дыбыстарды ажырата білуге (дауысты және дауыссыз, жуан және жіңішке | **Математика негіздері**<br>**Біреу-көп**<br>Балаларға заттар жиынынан бір затты бөле білуге үйрету; «біреу» және «көп» («бірнеше») терминдерін енгізу. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**Құрастыру**<br>**Менің балабақшам**<br>Құрылыс материалдарынан балабақша құрастыруды үйрету, балабақшаның басқа ғимараттардан айырмашылығын сезіну, өз ойларынан балабақшаны құрастыруда шығармашылық | **Сурет салу**<br>**Ағаш бұтақтары**<br>(Түрлі түсті қарындаштар)<br>Балаларға терек бұталары жайлы түсінік беру, ағаштарды өзіндік ерекшеліктеріне байланысты бір-бірінен ажыратуға және терек бұталары суретін салуға үйрету.<br>**Мүсіндеу.**<br>**Жеміс бағында**<br>Балаларды әртүрлі пішінді заттарды мүсіндеугеүйрету. Пішінді мүсіндеудің | **Өзін-өзі тану әлеміне саяхат**<br>«Өзін-өзі» тану әлемі туралы түсініктерін кеңейту.Адам бойындағы құнды қасиеттер туралы түсініктер беру. Жақсы істер жасай білу іскерліктерін дамыту.Өзарақа мқорлыққа, сүйіспеншілікке, татулыққа тәрбиелеу. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ұшы, өкшемен жүру, баяу қарқынмен жүруді жүгірумен алмастыру. Затты желке тұсынан оң, сол қолмен лақтыруға, заттар арасынан еңбектеп жүруге үйрету.<br>**3. Қауіпсіз мінез-құлық негіздері**<br>**Балабақшада**<br>Балаларға үйдегі және балабақшадағы қауіпсіздік ерекшеліктерін түсіндіру; үйде, көшеде, балабақшада сақтау керек қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін дамыту; өмір қауіпсіздігоі ережелерін сақтауға тәрбиелеу; қауіпті жағдайларды ескере отырып, үлкендердің айтқанын тыңдауға бауылу. | дауыссыздар) зерттеуге үйрету. Зейінділікке және танымдық қызығушылыққа тәрбиелеу<br>**Сауат ашу**<br>**Сөз.** Сөз қашанда бірдеңенің атын білдіретіні туралы түсінік беру. Балаларға мағынасы жағынан бірдей және қарама-қарсы, ал қолданыста жалпылаушы бір сөзбен аталатын сөздерді іріктеуге жаттықтыру. Балаларды сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету. Төзімділікке және белсенділікке тәрбиелеу.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Білімің бұлағың**<br>Ақылбек Шаяхметов Балалардың өлеңге деген қызығушылығын қалыптастыру.Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.Әдеби жанрдың бір түрі өлең екенін түсіндіру.<br>**Орыс тілі**<br>Пән мұғалімінің жоспары бойынша | қабілеттерін дамыту, өз балабақшаларын сүйе білуге , жақсы көруге тәрбиелеу.<br>**Жаратылыстану**<br>**Бізді не қоршаптұр?**<br>«Жансыз табиғат» деген түсінікпен таныстыру, жансыз табиғаттағы заттарды адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білуге үйрету. Өзіндік тәжірибеалды жұмыстарды ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. Қоршаған табиғатты аялай білуге үйрету. Әлемді өз бетінше тануға деген құштарлықтарын ояту. | таныс әдістерін пайдалана отырып , жемістерді мүсіндеу; бейнені затпен салыстыру, мүсіндегі сәйкестіктерді анықтай білу қабілеттерін дамыту табиғатты сүюге тәрбиелеу<br>**Жапсыру**<br>**Көшедегі үйлер**<br>Көп қабатты және бір қабатты үйлерге арналған бөлшектерді ретімен жапсыра білуге үйрету. Балалардың үй туралы, оның түрлері туралы ой-қиялдарын жетілдіру, шығармашылыққа тәрбиелеу.<br>**Музыка --2**<br>Музыка жетекшісінің жоспары бойынша | |

**Қыркүйек айы. ІІ апта**

**Өтпелі тақырып**: «Отбасы және балабақша»

**Тақырыбы:** «Отбасы және отбасы құндылықтары»

**Мақсаты:**Отбасы мүшелерінің ролі, міндеттері туралы, отбасының барлық мүшелеріне сүйіспеншіліктуралы түсініктерін кеңейту, өзара көмек, отбасындағы жағымды өзара қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **1.Дене шынықтыру**<br>Сапқа тұру, аяқтың ұшы, өкшемен жүру, баяу қарқынмен жүруді жүгірумен алмастыру. Затты желке тұсынан оң, сол қолмен лақтыруға, заттар арасынан еңбектеп жүруге үйрету.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Сапқа, қатарға тұру, бастаушыға қарап түзелу; адымдап, бүгілген тізені жоғары көтере жүруге жаттықтыру; музыка ырғағына сәйкес қимыл жасауға үйрету.<br>Шектеулі зат үстімен жүрген кезде тепе-теңдік сақтауға, адымдап, аяқ ұшымен жүруге; шығыршықтан-шығыршыққа екі аяқпен секіруге үйрету. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Менің досым**<br>Тақырыпқа байланыстыәңгіме құрастыруды үйрету;<br>Ойлау қабілеті мен тілдерін дамыту;<br>Досы сыйлап, аялай білуге тәрбиелеу.<br>**Сауат ашу**<br>**Сөйлем**<br>Сөйлеммен және оның сызбасымен таныстыру. Екі, үш және төрт сөзден сөйлем құрауды үйрету. Көру қабілеті мен кеңістікте бағдарлай білуді дамыту. Сөйлемдегі сөздердің орналасу тәртібін сақтауға үйрету<br>**Сауат ашу**<br>**Буын және екпін**<br>Дауысты дыбыстар | **Математика негіздері**<br>**Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру**<br>Балаларға заттар тобының (жиынының) жалпы қасиетін табуды, қандай да бір қасиеті («үлкен», «кішкентай»), тиесілілігі бойынша топқа біріктіруді дара заттарды бөлуді үйрету, бір заттан тұратын жиын туралы ұғым қалыптастыру. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**Жаратылыстану**<br>**Табиғатта не өзгерді?** | **Сурет салу**<br>**Күзгі орман**<br>(Акварель бояу)<br>Күзгі орманның мазмұнын көре білуді үйрету. Бояумен сурет салуды жетілдіру, балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.<br>**Мүсіндеу**<br>**Себет**<br>Себеттің қажеттілігі туралы түсінік беру, ермексазды бірнеше бөлікке бөліп, есу тәсілі арқылы затты құрастырып мүсіндеуге үйрету.<br>**Жапсыру**<br>**Біздің үй**<br>Кіші бөліктерді үлкен бөліктің үстіне кескіндеп жапсыруға үйрету. Геометриялық | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Заттардың адам өміріндегі маңызы. Не неден жасалады?**<br>Заттардың адам өміріндегі маңызын түсіну; заттардың неден жасалғанын анықтау, заттарды топтастыра білу дағдыларын арттыру.<br>**Өзін-өзі тану**<br>**Адам болам десеңіз**<br>«Адамгершілік» «жақсы адам» ұғымдарының мағынасын түсіндіру, бала бойындағы жақсы қасиеттерін дамытуға ықпал ету, жақсылық жасай білуге тәрбиелеу. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **3.Дене шынықтыру**<br>Сапқа, тізбекке тұру, бастаушыға қарап түзелу; адымдап, бүгілген тізені жоғары көтере жүгіруге жаттықтыру. Шығыршықтан шығыршыққа екі аяқпен секіруді бекіту.Допты қос қолмен лақтыру, кеудеге қыспай қағып алуды үйрету. | буын құрайтынын және олардан сөз құралатынын түсіндіру. Сөздерді буынға бөліп, екпін түскен буынды белгілеу. Екпін қазақ тілінде сөздің соңғы буынына түсетінін атап айту. Зейінділікке тәрбиелеу.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Күз – жомарт**<br>Күздің ерекшеліктері туралы алған білімдерін толықтыру. Күз байлығы, оның алуан түрлілігі туралы айтып, өлеңді дауыс ырғағын келтіре оқып жеткізу, күз байлығы адамдардың еңбегімен келетінін ұғындыру,оны бағалай білуге тәрбиелеу.<br>**Орыс тілі**<br>Пән мұғалімінің жоспары бойынша | Күзде табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылау, бір-бірінен айыру және атын атап беруге;<br>себеп-салдарлық байланыстарды анықтай білуге үйрету. Балалардың тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмысқа деген қызығушылықтарын дамыту,<br>салыстыру, бақылау нәтижелерін бір-бірімен салыстырып, қорытынды жасау қабілеттерін дамыту. Табиғатқа жауапкершілікпен қарауға баулу. | пішіндерді үйлестіре отырып, үйдің бөліктерін сюжетті жапсыруға үйрету;<br>ойлау, есте сақтау, қағазбен жұмыс жасау қабілеттерін дамыту;<br>еңбекқорлыққа тәрбиелеу;<br>шығармашылыққа жетелеу.<br>**Музыка-2**<br>Музыка жетекшісінің жоспары бойынша | |

**Қыркүйек айы. III апта**

**Өтпелі тақырып:** «Отбасы және балабақша»

**Тақырыбы:** «Адам-ол кім»

**Мақсаты:**Өзі және өзінің жағдай, көңіл күйі туралы түсініктерін кеңейту, өзіне және өзін қоршағандарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **1.Дене шынықтыру**<br>Сапқа, тізбекке тұру, бастаушыға қарап түзелу; адымдап, бүгілген тізені жоғары көтере жүгіруге жаттықтыру. Шығыршықтан шығыршыққа екі аяқпен секіруді бекіту.Допты қос қолмен лақтыру, кеудеге қыспай қағып алуды үйрету.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Сапқа, тізбекке тұру, бастаушыға қарап түзелу, орында жұптасып тұру, музыкаға сәйкес өкшемен аяқтың ұшына ауыса, қысқа адымжәне кең адыммен шашырап жүгіру, жұп болып би элементтерінорындауға жаттықтыру.Бір-біріне доп лақтыру.<br>**3.Қауіпсіз мінез-құлық негіздері** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Менің сүйікті ойыншығым**<br>Ойыншықтардың суретіне қарап әңгіме құрастыра білуге, «д», «т» дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету; Тілдерін дамыту.Ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу.<br>**Сауат ашу**<br>**Білімімізді тексереміз**<br>Балалардың сөз, сөйлем,буын және екпін туралы білімдерін бекіту. Сөздерге дыбыстық талдау жасап, екпінді буынды анықтау. Зейінділікпен дыбысты дұрыс есту қабілеттерін дамыту.<br>**Сауат ашу**<br>**А дыбысы мен әріп таңбасын таныстыру**<br>А әрпінің бас және кіші | **Математика негіздері**<br>**1 саны және цифры.**<br>**2 саны және цифры**<br>1 және 2 сандарының құрамымен; 1 және 2 цифрларымен таныстыру. «ір» және «көп» ( «бірнеше») терминдерін енгізі; 1 және 2 сандарымен таныстыру; заттарды санай алуға; сандардың айтылу реттілігін үйрету. Заттардың қасиетін, белгісін айқындау және оларды топтастыруды үйрету; сөйлеу тілін және назар аудару дағдыларын дамыту, ұсақ қол моторикасын қалыптастыруды жалғастыру. Дербестікке, тәуелсіздікке | **Сурет салу**<br>**Тостаған**<br>(Акварель бояу)<br>Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, заттың пішіндері туралы білімдерін жетілдіру, тостаған туралы білімдерін бекіту.Қылқаламды пайдалана отырып затты безендіруде түстерді ажырата білу қабілеттерін дамыту, икемділікке тәрбиелеу.<br>**Жапсыру**<br>**Кемпірқосақ**<br>Доғал сызық бойымен қиюдыжәне кеңістікте түстерді сәйкестендіре жапсыруды үйрету. қайшыны дұрыс қолдана білу, желімді ұқыпты | **Өзін-өзі тану**<br>**Мен қандай баламын**<br>Әрбір баланың жеке тұлға екендігін түсіндіру, қыз бала мен ұл баланың ерекшеліктері туралы түсінік беру, өзін-өзі тануға деген қызығушылықтарын арттыру, өзара жағымды қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Мен кіммін? Адамның денесі.**<br>Балаларды адам денесінің құрылысымен таныстыру. Адамдардың бір-бірінен айырмашылығын көруге көмектесу.Балаларды дұрыс қозғалуға, бұлшықетін, буындарын созылудан, сынудан, шығарып алдан сақтануға үйрету.<br>Балаларды денелерін сақтап жүруге тәрбиелеу. | әрпімен таныстыру. Бас және кіші әріптердің жазылу ережесін түсіндіру. Дыбыстарды біз естиміз, әріптерді жазамыз, көреміз оқимыз деген түсініктерді бекіту.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Кішкентай бағбан**(әңгімелеу)<br>Мәдіхат Төрежанов<br>Балалардың әңгімеге деген қызығушылығын арттыру. Шығарма кейіпкерлерімен таныстыру. Әңгіме мазмұны<br>бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Әңгіме – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру.<br>**Орыс тілі**<br>Пән мұғалімінің жоспары бойынша | **Құрастыру**<br>**Әдеміұшақтар**<br>Қағаздан құрастыруға үйретуде түрлі<br>бағытта: тегістеп бүктеу, шаршы қағазды бүктеу біліктерін қалыптастыру.<br>**Жаратылыстану**<br>**Нан қайдан келеді?**<br>Балалардың нан өсіру жайлы білімдерін жетілдіру.<br>Ізденістік-танымдық жұмыстарға деген талпынысын<br>күшейту. Нанды қастерлеуге, оны өсіріп, өндіруге<br>атсалысатын адамдардың еңбегіне құрметпен қарай<br>білуге тәрбиелеу. | пайдалану дағдысын бекіту, саусақ моторикасын дамыту, логикалық ойлау, есте сақтау,сөйлеу қабілеттерін дамыту, жазғы табиғат құбылыстары туралы түсініктерін жетілдіру,табиғатты сүюуге,ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.<br>**Мүсіндеу**<br>**Көкөністер**<br>Балаларға көкөністің пайдасын түсіндіру және пішінге келтіре отырып мүсіндеуге үйрету, қолдың ұсақ моторикасын, ойлау қабілеттерін дамыту<br>**Музыка- 2)**<br>Музыка жетекшісінің жоспары бойынша | |

**Қыркүйек айы. IV апта.**

**Өтпелі тақырып:** «Отбасы және балабақша»

**Тақырыбы:** «Тірі табиғат бұрышы»

**Мақсаты:**Табиғат бұрышында мекендеушілерді күтіп - баптауға, еңбек іс әрекетеріне баулып, тірі табиғатқа деген қамқорлық жасау.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **1.Дене шынықтыру** Сапқа, тізбекке тұру, бастаушыға қарап түзелу, орында жұптасып тұру, музыкаға сәйкес өкшеден аяқтың ұшына ауыса, қысқа адым және кең адыммен шашырап жүгіру, жұп болыпби элементтерін орындауға жаттықтыру.Бір-біріне доп лақтыру.Тізенің арасына доп қыстырып секіруге үйрету. **2.Дене шынықтыру**Сапқа, тізбекке тұру, бастаушыға қарап түзелу, орында жұптасып тұру, музыкаға сәйкес өкшеден аяқтың ұшына ауыса, қысқа адым және кең адыммен шашырап жүгіру, жұп болыпби элементтерін орындауға жаттықтыру. Бір-біріне доп | **Сөйлеуді дамыту** **Күзгі бояу** «Күз» тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастыруға үйрету. Күз белгілері жайлы әңгімелесу, сөйлеу тілі кандай болатынын түсіндіру, балалардың сөйлеу және ойлау қабілетін дамыту. Балаларды еңбек етуге тәрбиелеу. **Сауат ашу** **«А» дыбысы мен әрпі.** «А» дыбысы және оның әріп таңбасын қайталату, балалардың тілдік қорларын, жазбаша тапсырмаларды орындау арқылы қолдың ұсақ қимылдарын дамыту, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | **Математика негіздері** **3 саны және цифры.** **4 саны және цифры** 3 және 4 сандарымен, 3 және 4 цифрларымен таныстыру. Цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын жетілдіру; 3 және 4 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету; зейін мен логикалық ойлауды дамыту. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. | **Сурет салу** **Торсық** Балалардың торсық жайлы білімдерін арттыру, торсықты дұрыс сала білуді үйрету. Заттың көлеміне, пішініне сәйкес өрнектерді дұрыс орналастыра білу іскерліктерін дамыту, жұмысты уақытымен нұсқау бойынша орындауға тәрбиелеу. **Мүсіндеу.** **Саңырауқұлақтар** Балаларға саңырауқұлақ туралы түсінік беру, саңырауқұлақ түрлерімен таныстыру, түс ерекшеліктерін ажырата отырып бірнеше саңырауқұлақ | **Қоршаған ортамен танысу** **Жыл мезгілдері: жаз, күз. Белгілері** Жаз және күз мезгілдерінің маңызды, негізгі белгілерін бөліп көрсетіп, табиғаттағы әр мезгілге тән өзгерістерді айта алу; табиғаттағы өзгеріске байланысты өсімдіктер мен жануарлар тіршілігінде болатын өзгерістерді анықтай алу. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| лақтыру.Тізенің арасына доп қыстырып секіруге үйрету.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>Сапқа тұру, шашарыпжүгіру, сапта өз орнын таба жүгіру, белгіліқашықтыққа жүгіруге жаттықтыру. Заттардан аттап жүруде тепе-теңдік сақтау.Секіртпен еркін секіруге үйрету. | **Сауат ашу**<br>**Р дыбысы мен әріп таңбасын таныстыру**<br>Р әрпі және дыбысымен таныстыру. Р дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасай білуге үйрету. Жазбаша тапсырмаларды орындау арқылы қолдың ұсақ қимылдарын дамыту.Балалардың әріптермен танысуға қызығушылығын қалыптастыру.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Жемістер жыры (өлеңді жаттау)** Өлең мазмұнын ашу. Өлең ырғағын келтіре отырып, тіл ерекшелігін, көркем сөздерін түсіну, әр шумағын қайталау барысында ойлау қабілетін дамыту. Жемістердің пайдасы туралы айтып, құрамындағы дәрумендері туралы түсініктерін кеңейту. Табиғатты сүюге, қорғауға тәрбиелеу<br>**Орыс тілі** Пән мұғалімінің жоспары бойынша | **Жаратылыстану**<br>**Себетке қандай саңырауқұлақ саламыз?**<br>Саңырауқұлақтың кейбір жеуге жарамды (қозықұйрық, томарқұлақ, ақ саңырауқұлақ, қайың саңырауқұлақ, терекқұлақ) және улы түрлері (шыбынжұт, боз арамқұлақ) туралы түсінік қалыптастыру. Балаларға саңырауқұлақтардың түр-түсі мен атауларын үйрету. Құрбы-құрдастарымен және ересектермен емін-еркін сөйлесу кезінде танымдық-зерттеушілік қызметті дамыту. Табиғатты аялай білуге баулу. | мүсіндеу, саңырауқұлақ алқабын жасау.<br>**Жапсыру**<br>**Саңырауқұлақтар**<br>Балаларға геометриялық пішіндерді (дөңгелек, шаршы,тіктөртбұрыш, сопақша) қию әдістерін меңгерту.Кеңістікте орналастыра білуге үйрету,баланың ой-қиялын дамыту, қол, саусақ қимылдарын жетілдіру, табиғат әсемдігін көре білуге тәрбиелеу.<br>**Музыка- 2**<br>Музыка жетекшісінің жоспары бойынша | **Өзін-өзі тану**<br>**Менің есімім**<br>Әрбір баланың қайталанбайтын жеке тұлға екендігін ұғындыру. Адамның есімі, оның адамға қандай міндеттер жүктейтіні туралы түсінік беру. Өзара жағымды қарым-қатынасқа тәрбиелеу. |

Қазан айы. І апта.

**Өтпелі тақырып:** «Өсімдіктер әлемі»

**Тақырыбы:** «Дала, бақша,бөлме гүлдері»

**Мақсаты**:Өсімдіктер әлеміне танымдық қызығушылығын, тілектестік сезімін тудыру.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **1.Дене шынықтыру**<br>Жүрумен жүгіруге, сапқа тұру, шашырап жүгіру, сапта өз орнын таба білуге жаттықтыру. Секіртпемен еркін секіру қимылын бекіту. Гимнастикалық орындық үстімен төрттағандап еңбектеуге үйрету.Қимыл үйлесімділігін және ептілікті дамыту.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Жүрумен жүгіруге, сапқа тұру, шашырап жүгіру, сапта өз орнын таба білуге жаттықтыру. Секіртпемен еркін секіру қимылын бекіту. Гимнастикалық орындық үстімен төрттағандап еңбектеуге үйрету.Қимыл үйлесімділігін және ептілікті дамыту. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Менің Атам**<br>Тақырыпқа байланысты әңгіме құрастыруды үйрету, ойлау қабілеті мен тілдерін дамыту. Атасын сыйлап, аялай білуге тәрбиелеу<br>**Сауат ашу**<br>**Р дыбысы мен әрпі.**<br>«Р» дыбысы және оның әріп таңбасын қайталату, балалардың тілдік қорларын, жазбаша тапсырмаларды орындау арқылы қолдың ұсақ қимылдарын дамыту, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Сауат ашу**<br>**«Л» дыбысы мен әрпі.**<br>Л әрпі және дыбысымен таныстыру. Л дыбысы бар сөзге дыбыстық талдай жасай білуге, дауысты дыбыс және дауыссыз | **Математика негіздері**<br>**5, 6 сандары және цифрлары**<br>5 және 6 сандарының құрылуымен және 5 және 6 цифрларымен таныстыру. Цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды санау дағдысын жетілдіру; 5 және 6 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуге үйрету; зейінін, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**Құрастыру**<br>**«Киіз үй»**<br>Киіз үй құрастыруда оның негізгі бөліктерін және оған | **Сурет салу**<br>**Жаңбырлы күн**<br>(Акварель бояу)<br>Балаларды табиғат құбылыстарын бақылай отырып өз сезімдерін бейнелей білуге үйрету, жаңбыр тамшыларын қағаз бетіндегі жазықтықты дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру.<br>**Мүсіндеу**<br>**Күзгі жапырақтар**<br>(бедерлі мүсіндеу)<br>Бедерлі мүсіндеу тәсілімен таныстыру, жалпақтау, кесу, шымшу, әдістерін тиянақтау, түрлі құралдарды дұрыс қолдана білуге машықтандыруды жалғастыру. | **Өзін-өзі тану**<br>**Менің туған күнім**<br>Туған күн туралы түсінік беру, өзара сыйластық, сүйіспеншілік сезімдерін дамыту.Сүйіспеншілікке тәрбиелеу. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **3.Қауіпсіз мінез-құлық негіздері**<br>**Орман сыйы**<br>Жеуге жарамды және улы саңырауқұлақтар, өсімдіктер туралы түсінік беру. Оларды белгілері бойынша суреттерден ажырата білуге үйрету. Оларды қолданудан сақ болуға үйрету. | дыбысты ажырата білуге үйрету. Сөздер мен сөйлемдер құру арқылы балалардың ой өрісін дамыту. Үй жануарларына қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Шаруа мен аю**<br>**(орыс халық ертегісі)**<br>Ертегі мазмұнын жете түсіндіріп, оны тыңдауға деген қызығушылығын ояту, өз ойын қиялымен ұштастыра отырып, жағымды-жағымсыз кейіпкерлерді өздігінен ажырата білуге үйрету, ертегі арқылы балаларды еңбекті сүюге тәрбиелеу.<br>**Орыс тілі**<br>Пән мұғалімінің жоспары бойынша | тән бөлшектерін анықтай білуге үйрету.<br>**Жаратылыстану**<br>**Ағаштың бұтадан қандай айырмашылығы бар?**<br>Ағаш және бұталардың атауларымен таныстыру және олардың түрлерін бір-бірінен өзіне тән ерекшеліктеріне қарай (жапырағы, жемісі, діңі) айыра білуге үйрету. Өзінің өлкесінде өсетін ағаш, бұта және шөптер туралы түсініктерін нығайту. Балалардың зейінін, жадын күшейту. Табиғатқа қамқорлықпен, жанашырлықпен қарауға үйрету | **Жапсыру**<br>**Күзгі жапырақтар**<br>Қағазды қатпарлап бүктеу арқылы жапырақтың жиектерін иректеп қиюды үйрету, қол, саусақ қимылдарын арттыру; көркем сөйлеу тілін дамыту; табиғатты сүюге, еңбекке тәрбиелеу.<br>**Музыка- 2**<br>Музыка жетекшісінің жоспары бойынша | |

**Қазан айы. ІІ апта.**

**Өтпелі тақырып:** «Өсімдіктер әлемі»

**Тақырыбы:** «Орманда нелер өседі?» (саңырауқұлақтар, жидектер)

**Мақсаты**:Қоршаған орта және саңырауқұлақ туралы білімдерін кеңейту, табиғатта қарапайым қауіпсіздік мінез- құлық дағдыларын қалыптастыру.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **1.Дене шынықтыру**<br>Бір қатар сапқа тұру, тізені сәл бүге жүру,қолды жан-жаққа созып арқан үстіменжүру,заттардың арасынан «жыланша» ирелеңдеп жүгіруге жаттықтыру. Ортажылдамдықпенжүгіру.Гимнастикалық орындықтыңүстімензаттарды аттай жүру, тақтайша, жіп,заттардан секіру.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Денені түзу ұстау, бұлшық еттерді нығайту, сәл отыра, арқанүстіменжүру, саптан қатарғатұру дағдыларын қалыптастыру, адымырғақтарына назараудару. Гимнастикалық | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Қорыққанға қос көрінеді**<br>(ертегі)<br>Ертегіні соңына дейін тыңдауға үйрету. Балалардың сөйлеу шеберлігін, сөздік қорларын дамыту; баланы өжеттілікке, батырлыққа тәрбиелеу.<br>**Сауат ашу**<br>**«Л» дыбысы мен әрпі.**<br>«Л» дыбысы және оның әріп таңбасын қайталату, балалардың тілдік қорларын, жазбаша тапсырмаларды орындау арқылы қолдың ұсақ қимылдарын дамыту, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | **Математика негіздері**<br>**7, 8, 9 сандары және цифрлары**<br>7, 8, 9 сандарының құрылуымен және 7,8,9 цифрларымен таныстыру. Цифрды заттардың санымен сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын дамыту; дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету; зейін мен логикалық ойлауды дамыту. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Қоржынды сәндейміз**<br>(Түрлі түсті қарындаштар)<br>Қазақтың үй бұйымы – қоржынмен таныстыру, қоржын туралы білімдерін одан әрі жетілдіру, қазақ оюларының көптүрлілігі туралы түсініктерін кеңейту, балаларға қоржынды салу техникасы мен оны әшекейлеу ерекшеліктері туралы білім беру.<br>**Мүсіндеу**<br>**Жаңғақ кемірген тиін**<br>Алған білім дағдыларын пайдалана отырып, тиіннің мүсінін жасау, дене бөліктерін біріктіріп қосу, табиғи материалдарды таңдай | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Барлық мамандық қажет, барлық мамандық маңызды.**<br>Мамандық иелерінің жұмыстары жайлы жалпы мағлұмат беру, олардың пайдаланатын құрал-жабдықтары жайлы түсінік беру; мамандықтың бәрі жақсы деген қорытындыға келу.<br>**Өзін-өзі тану**<br>**Менің сезімдерім**<br>Адамның сезімдері туралы түсінік беру, бала бойындағы жақсы қасиеттерін дамыту, сүйіспеншілікке тәрбиелеу. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| орындықтың үстімен заттарды аттай жүру,тақтайша, жіп, заттардан секіру сапта, шеңберде тұрып,бір қолмен бір-біріне допты лақтыруды үйрету.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>Денені түзу ұстау, бұлшық еттерді нығайту, сәл отыра, аркан үстімен жүру, саптан қатарға тұру дағдыларын қалыптастыру, адым ырғақтарына назар аудару. Гимнастикалық орындықтың үстімен заттарды аттай жүру,тақтайша,жіп,заттардан секіру сапта, шеңберде тұрып,бір қолмен бір-біріне допты лақтыруды үйрету. | **Сауат ашу**<br>**«О» дыбысы мен әрпі**<br>О әрпі және дыбысымен таныстыру. О дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасау және сол сөздермен бірнеше сөйлемдер құрастыру. Балалардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Менің ойыншықтарым**<br>Мұзафар Әлімбаев Оыншықтар туралы түсінігін тиянақтау. Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Әдеби жанрдың бір түрі – өлең туралы түсінігін кеңейту.<br><br>**Орыс тілі**<br>Пән мұғалімінің жоспары бойынша | **Жаратылыстану**<br>**Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді?**<br>Жабайы аңдардың тіршілігі жайлы түсінікті кеңейту. Жануарлардың сырт келбеті мен жылдың әр мезгіліндегі тіршілік ету ерекшеліктерін ажыратып, сипаттай білуге үйрету. Себеп-салдарлық байланысты анықтай білу қабілеттерін дамыту. Жануарлар әлемін сүюге тәрбиелеу. | білу қабілеттерін қалыптастыру, ойын, тілін, шығармашылық қабілетін дамыту, жан-жануарларға деген қамқорлық сезімін тәрбиелеу.<br>**Жапсыру**<br>**Бұлттар**<br>Балаларға қағазды жырту әдісін қолданып, бұлттың бейнесін жасауға үйрету,қағаз бетіне бейнені дұрыс орналастыра білу машығына баулу, шығармашылық қабілеттерін дамыту, табиғатты сүюге, әсемдікке тәрбиелеу.<br>**Музыка- 2**<br>Музыка жетекшісінің жоспары бойынша. | |

**Қазан айы. ІІІ апта.**

**Өтпелі тақырып:**«Өсімдіктер әлемі»

**Тақырыбы:** «Ағаштар мен бұталар. Қызыл кітапқа енген өсімдіктер»

**Мақсаты:**Ағаш түрлерін ажыратып топтастыруға үйрету. Қарапайым зерттеу жүргізу мен іздестіру әрекеттерін орындауға қызығушылығын тудыру.Қызыл кітап туралы түсініктерін кеңейтіп, танымдық қызығушылықтарын дамыту. Туған өлкенің табиғатын аялауға тәрбиелеу.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **1.Дене шынықтыру**<br>алалардықолұстасып шеңбербойы жүруге, жүгіруге жаттықтыру,аяқты-аяққатаяпқойыпшеңбер бойы, оңға, солға,өкшемен, аяқтың ұшымен жүру,тәрбиешініңбелгісібойыншаекі сапқа тұру,қимылдымузыкағасәйкесорындауғажаттықтыру. Басқадорбашақойып,едендесозылыпжатқ<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Балаларды қол ұстасып шеңбер бойы жүруге, жүгіруге жаттықтыру,аяқты-аяққа таяп қойып шеңбер бойы, оңға, солға,өкшемен, аяқтың ұшымен жүру,тәрбиешінің белгісі бойынша екі сапқа тұру,қимылды музыкаға сәйкес орындауға | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Отбасының күзгі еңбегі.**<br>Отбасы туралы, туыстық қатынастар туралы түсінік беру. Кішіпейілдікке тәрбиелеу. Тіл байлықтарын дамыту.<br>**Сауат ашу**<br>**«О» дыбысы мен әрпі**<br>«О» дыбысы және оның әріп таңбасын қайталату, балалардың тілдік қорларын, жазбаша тапсырмаларды орындау арқылы қолдың ұсақ қимылдарын дамыту, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | **Математика негіздері**<br>**10 саны**<br>0 және 10 санымен және олардың жазылуымен таныстыру.<br>10 санының жазбасын заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды санау және ретімен санау, тура және кері санау дағдыларын жетілдіру; 10 санын дұрыс тануға 1 және 0 цифрларымен бейнелеуге үйрету; зейін мен ойлауды дамыту. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Автобус**<br>(Түрлі түстіқарындаштар)<br>Төртбұрыш пішіндегі бірнеше заттардың көлеміндегі айырмашылықты көре білу, түрлі түсті бояудың көмегімен геометриялық пішіндерді пайдаланып автобустың суретін салуды үйрету, достыққа, татулыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Мүсіндеу**<br>**Үйрек**<br>Балаларды кесек ермексаздан үйрек бейнесін мүсіндеуге үйрету.Көркемдік талғамдарын, ойлау | **Өзін-өзі тану**<br>**Мен қамқор баламын**<br>Қамқорлық ұғымы туралы түсінік беру, қамқорлық жасай білу дағдыларын дамыту, қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| жаттықтыру. Басқа дорбаша қойып,еденде созылып жатқан арқан үстінен жүру.ан арқан үстінен жүру**.** Доға астынан еңбектеп өтуді үйрету.<br>**3.Қауіпсіз мінез-құлық негіздері**<br>**Күзгі ағаш**<br>Айнала қоршаған орта туралы түсінік терін қалыптастыру. Ормандағы қауіпсіздік ережелері туралы түсініктерін дамыту. Табиғатта өз-өздерін қорғауға тәрбиелеу. | **Сауат ашу**<br>**«Н» дыбысы мен әрпі**<br>Н әрпі және дыбысымен таныстыру. Н дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасай білуге үйрету. Дыбыс пен әріпті ажыратуды үйретуді жалғастыру. Балаларды имандылыққа тәрбиелеу және дүниетанымын дамыту.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Менің елімнің рәміздері**<br>(өлеңді жаттау)<br>Өлеңді дауыс ырғағын келтіре оқу, мазмұнын ашу. Балаларды еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туған жерін, Отанын сүюге тәрбиелеу. Имандылық, адамгершілік тәрбиесіндегі үлгі-өнеге сөздерді үйретіп, елді қорғауға баулу.<br>**Орыс тілі**<br>Пән мұғалімінің жоспары бойынша. | **Құрастыру**<br>**Сиқырлы қораптар**<br>Балалардың қалдық заттармен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру, тіктөртбұрышты және цилиндр пішіндерден жануарлардың бейнесін жасай білуге үйрету.<br>**Жаратылыстану**<br>**Барлық ағаштардың жапырағы түсе ме?**<br>Күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырата білуге үйрету. Балалардың табиғатқа қатысты қарапайым білімдерін күшейтіп, табиғатпен қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Баланың тұлғалық қасиеттерін дамыту | қабілеттерін, саусақ икемділіктерін дамыту, ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу<br>**Жапсыру**<br>**Айдарлы әтеш**<br>Әтештің жасалу жолын ретімен үйлестіре білуге үйрету,үй құстарына деген қамқорлық сезімдерін ояту,ойлау қабілеттерін , қиялын дамыту,ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу<br>**Музыка- 2**<br>Музыка жетекшісі жоспары бойынша | |

**Қазан айы. IV апта.**

**Өтпелі тақырып:** «Өсімдіктер әлемі»

**Тақырыбы:** Берекелі Алтын күз.Ас атасы-нан.

**Мақсаты**:Күз түскенде табиғатта орындалатын маусымдық өзгерістерді таныстыру, табиғаттың сұлулығын көре білуге үйрету.Табиғатқа сүйіспеншілікті тәрбиелеу.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **1.Дене шынықтыру**<br>Балаларды қол ұстасып шеңбер бойы жүруге, жүгіруге жаттықтыру,аяқты-аяққа таяп қойып шеңбер бойы, оңға, солға,өкшемен, аяқтың ұшымен жүру,тәрбиешінің белгісі бойынша екі сапқа тұру,қимылды музыкаға сәйкес орындауға жаттықтыру. Басқа дорбаша қойып,еденде созылып жатқан арқан үстінен жүру.ан арқан үстінен жүру.<br>Доға астынан еңбектеп өтуді үйрету.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Сапқа тұру,қолды алға созып түзелу,заттарды аттай, теріс қараған күйде алға қарай ұмтыла жүру, «жыланша» | **Сөйлеуі дамыту**<br>**Күзгі жапырақтар**<br>«Күз» тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастыруға үйрету, күз белгілері жайлы әңгімелесу,сөйлеу тілі қандай болатынын түсіндіру,балалардың сөйлеу және ойлау қабілетін дамыту, балаларды еңбек етуге тәрбиелеу.<br>**Сауат ашу**<br>**«Н» дыбысы мен әрпі**<br>«Н» дыбысы және оның әріп таңбасын қайталату, балалардың тілдік қорларын, жазбаша тапсырмаларды орындау арқылы қолдың ұсақ қимылдарын дамыту, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | **Математика негіздері**<br>**Заттарды өлшемі бойынша салыстыру**<br>Балаларды заттардың көлемін анықтауға және оларды өлшемі бойынша салыстыруға (үлкен, кішкентай, үлкенірек, кішірек, жоғары, төмен) үйрету Әртүрлі заттар (5 және одан да көп) арасындағы өлшемдік қатынасты дұрыс қоюға, заттарды өлшемі бойынша өсу және кему ретімен қоя білуге, есте сақтауға, сөйлеуге дағдыландыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Бидай масақтары**<br>(Акварель бояу)<br>Балаларға сопақша дөңгелектерді қолдана отырып бидай масақтарын салуды үйрету, балаларға дәнді дақылдардың түрлері туралы білім беру,балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, суреттің мазмұнын бере білуді үйрету, астықты, дәнді дақылдарды құрметтей білуге тәрбиелеу.<br>**Мүсіндеу**<br>**Қоян бауырсақты кездестірді**<br>Ертегі әлеміне деген қызығушылықтарын қалыптастыру, ертегі кейіпкерлерінің | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Су – тіршілік көзі**<br>Судың адамзат тіршілігіндегі маңызын түсініп, оны таза ұстауға, қорғауға өз үлесін қосу; судың қасиеттерін анықтауға арналған тәжірибелерді орындай алу.<br>**Өзін-өзі тану**<br>**Мен осындай адаммын**<br>Жақсы қасиеттер туралы қарапайым түсінік беру, бойларындағы жақсы қасиеттерін дамыту, адамгершілікке тәрбиелеу. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ирелеңдеп, белгі бойынша шыр айнала жүгіру, екі қатар сапқа тұру. Еденде созылып жатқан арқан үстімен бір бүйірімен адымдап жүру, биіктіктен екі аяқпен тура секіріп түсуді үйрету.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>Сапқа тұру,қолды алға созып түзелу,заттарды аттай, теріс қараған күйде алға қарай ұмтыла жүру, «жыланша» ирелеңдеп, белгі бойынша шыр айнала жүгіру, екі қатар сапқа тұру. Еденде созылып жатқан арқан үстімен бір бүйірімен адымдап жүру, биіктіктен екі аяқпен тура секіріп түсуді үйрету. | **Сауат ашу**<br>**«С» дыбысы мен әрпі**<br>С әрпі және дыбысымен таныстыру.<br>Сдыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасай білуге үйрету. Буын туралы түсінігін кеңейту. Сөз, сөйлем құрастыруға дағдыландыру.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Арыстан мен Тышқан** (ертегі)<br>Балаларға ертегіні оқып беріп таныстыру арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Ертегінің мазмұнын, басты кейіпкерлерінің мінез-құлқына баға бере отырып, өз ойларын жеткізе білуге баулу. Өз түсініктерін кейіпкелендіру арқылы көрсете білуге дағдыландыру. Бір-біріне қамқар болуға, адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу.<br>**Орыс тілі**<br>Пән мұғалімінің жоспары бойынша | **Жаратылыстану**<br>**Оңтүстікке қандай құстар ұшып кетеді?**<br>Қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту. Табиғатқа қамқорлықпен, жанашырлықпен қарауға үйрету. Этикалық және эстетикалық сезімдерін қалыптастыру. | бейнесін мүсіндей білуге және кеңістікте орналастыра білуге үйрету,балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу<br>**Жапсыру**<br>**Түлкі**<br>Түлкінің бейнесін қию арқылы пішіндер туралы түсініктерін нығайту.Бұрынғы үйренген әдіс тәсілдерді өз еріктерімен қолдана білу дағдыларын қалыптастыру, ұсақ қол қимылдарын, ойлау қабілетін дамыту , ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.<br>**Музыка- 2**<br>Музыка жетекшісінің жоспары бойынша | |

**Қараша айы. І апта.**

**Өтпелі тақырып:** «Табиғат әлемі»

**Тақырыбы:** Құстар біздің досымыз. Қыстайтын құстар

**Мақсаты:** Еркіндікте өмір сүретін құстар мен үй құстар туралы түсініктерін кеңейту. Құстарға қамқорлықпен қарап, күтім жасауға дағдыландыру.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **1.Дене шынықтыру** Сапқа тұру,қолды алға созып түзелу,заттарды аттай, теріс қараған күйде алға қарай ұмтыла жүру, «жыланша» ирелеңдеп, белгі бойынша шыр айнала жүгіру, екі қатар сапқа тұру. Еденде созылып жатқан арқан үстімен бір бүйірімен адымдап жүру, биіктіктен екі аяқпен тура секіріп түсДене шынықтыру уді үйрету. **2.Дене шынықтыру** Шеңберге тұру, балаларды қол ұстасып шеңбер бойы жүруге, жүгіруге жаттықтыру. Аяқты-аяққа таяп қойып, шеңбер бойы оңға, | **Сөйлеуді дамыту** **Шаштараз** Мамандық түрлерімен таныстыру. Шаштараз мамандарына керек заттарды ажырата білуге үйрету. Сурет бойынша әңгіме құрастыруға, сөйлеу қабілетін дамыту, қызығушылықтарын арттыру, үлкендердің еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу. **Сауат ашу** **«С» дыбысы мен әрпі** «С» дыбысы және оның әріп таңбасын қайталату, балалардың тілдік қорларын, жазбаша тапсырмаларды орындау арқылы қолдың ұсақ қимылдарын дамыту, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **Сауат ашу** **«Ш» дыбысы мен әрпі** | **Математика негіздері** **Ұзындық.** **Шартты өлшеуішті пайдаланып заттарды ұзындығы бойынша салыстыру** Ұзындық – заттардың созылыңқы болу қасиеті туралы ұғым қалыптастыру. Бір-бірінің үстіне қою, жанастыру арқылы және шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеумен салыстыруды үйрету. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу | **Сурет салу** **Сазбалшықтан жасалған табақ** (Акварель бояу) Балаларға ою-өрнек элементтерін қолдана отырып табақты сәндеуді үйрету, тузу сызықтардың түрлі байланыстарымен құрылған қазақтың ою-өрнектерінің суретін салу тәсілдерімен таныстыру. **Мүсіндеу** **Биші Әйгерім** Ойыншықтардың әр түрінмүсіндеуге,ұжымда жеке жұмыстарды қосып мүсіндеуге үйрету. Ермексаздан әртүрлі пішіндер жасату арқылы баланың қызығушылығын | **Өзін-өзі тану** **Менің туыстарым** «Өзара сыйластық» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін түсіндіру, туыс, туысқан ұғымы жайлы түсінік беру, туыстарға деген сыйластық қарым-қатынастарын дамыту, өзара сыйластыққа тәрбиелеу |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| солға, өкшемен.<br>Аяқтың ұшымен жүру, жүруді жүгірумен алмастыра жүру.<br>Гимнастикалық адыммен жүру. Қолды түрлі қалыпта ұстап жүгіру музыкаға сәйкес би элементтерін орындау.<br>Орынан ұзындыққа секіру, жартылай бүгілген аяқпен жерге қону, арақашықтықтан дорбаша ны тік нысанаға иықтан асырып оң, сол қолмен лақтыруға үйрету.<br>**3.Қауіпсіз мінез-құлық негіздері**<br>**Серуенде**<br>Серуен барысында кейбірқауіпті өсімдіктерден сақтануды үйрету (тікенді бұталар, улы өсімдіктер). | Ш әрпі және дыбысымен таныстыру.<br>Шдыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасай білуге үйрету. Ш дыбысына мысалдар келтіру арқылы сөздік қорды толықтыру, байланыстыра сөйлеуге үйрету. Жұмбақтар, жаңылтпаштар арқылы балалардың ой өрістерін кеңейту. Балалардың оқу үдерісіне белсене қатысуға ынтасын арттыру.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Алтын астық**<br>(өлеңді жаттау)<br>«Алтын астық» өлеңінің мазмұнын ашу, өлеңді дауыс ырғағына келтіре отырып, әр шумағын қайталау арқылы жаттату. Астықты орып, жинау науқаны туралы балаларға айтып жеткізу. Еңбекке деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту, еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу.<br>**Орыс тілі**<br>Пән мұғалімінің жоспары бойынша | **Құрастыру**<br>**«Менің үйім»**<br>Құрылыс материалдарынан құрастыру дағдыларын қалыптастыру, үй құрастыруда оның негізгі бөліктерін және оған тән бөлшектерін анықтай білуге үйрету.<br>**Жаратылыстану**<br>**Аңдар қысқа қалай дайындалады?**<br>Жануарлардың (аңдардың) қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделуі туралы түсінік қалыптастыру.<br>Себеп-салдар байланысын анықтай білуге үйрету.<br>Логикалық ойлау, талқылау, салыстыру, пікір білдіру<br>қабілеттерін дамыту.<br>Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, оның сұлулығын қабылдап, терең түйсінуге, жануарлар мен өсімдікке қамқорлықпен қарай білуге тәрбиелеу. | ояту,шығармашылық қабілетін арттыру, балалардың ойлау қабілетін, көркемдік талғамдарын арттыру, саусақ қимылдарын дамыту, ұқыптылыққа, тиянақтылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу<br>**Жапсыру**<br>**Теңіз асты патшалығы**<br>Ірі бөлшектерді өзіне тән ұсақ<br>бөлшектермен толықтыра отырып балық бейнесін жапсыруға үйрету, пішіндердің шеттерін қию,іскерліктерін жетілдіру, шығармашылық қабілеттерін, қол бұлшық еттерін дамыту,қамқорлыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Музыка- 2**<br>Музыка жетекшісінің жоспары бойынша | |

**Қараша айы. II апта.**

**Өтпелі тақырып:** «Табиғат әлемі»

**Тақырыбы:** «Үй жануарлары. Өсу жолдары»

**Мақсаты:**Жануарлардың тіршілігі адамның қамқорлығына, күтіміне зәру екендігін туралы ұғымды қалыптастыра отырып, қамқорлықпен қарау.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **1.Дене шынықтыру**<br>Қол ұстасып шеңбер бойы жүру, жүгіру, бір-бірден сапқа тұруға жаттықтыру. Педагогтің белгісі бойынша бір орында тұрып оңға, солға бұрылу,аяқты-аяққа таяп қойып, шеңбер бойы оңға, солға, өкшемен,аяқтың ұшымен жүру, жүруді жүгірумен алмастыра жүру. Гимнастикалық адыммен жүру. Қолды түрлі қалыпта ұстап жүгіру. Дорбашаны тік нысанға иықтан асыра оң және сол қолмен лақтыруды, қарынмен арқаға құм қапшыққа қойып еңбектеуді үйрету.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Қол ұстасып шеңбер бойы жүру, жүгіру, бір-бірден сапқа тұруға жаттықтыру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Ең тәтті дүние ертегісі**<br>(Қ.Мырза Әли.)<br>Сурет бойынша ертегінің мазмұнын әңгімелеуге үйрету; Еңбекқорлыққа тәрбиелеу, егістіктегі еңбек түрлерімен және көлік түрлерімен таныстыру.<br>**Сауат ашу**<br>**«Ш» дыбысы мен әрпі**<br>«Ш» дыбысы және оның әріп таңбасын қайталату, балалардың тілдік қорларын, жазбаша тапсырмаларды орындау арқылы қолдың ұсақ қимылдарын дамыту, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Сауат ашу**<br>**«Т» дыбысы мен әрпі**<br>Т әрпі және дыбысымен таныстыру. | **Математика негіздері**<br>**Дөңгелек.**<br>**Шаршы.**<br>**Тіктөртбұрыш.**<br>**Үшбұрыш**<br>Балаларды фигуралармен таныстыру: дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрышты тануды үйрету. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиеле<br>**Жаратылыстану**<br>**Терезе алдында не өсіп тұр?**<br>Балаларды жаңа бөлме өсімдіктерімен таныстыру. Тәжірибелік- | **Сурет салу**<br>**Құмыра**<br>Құмыра туралы білімдерін жетілдіру, құмыраны сала білуге үйрету.Сурет салу дағдыларын дамыту, қарапайым пішіндерде өрнекті құрастыра білу іскерліктерін бекіту, балалардың шығармашылық қабілетін дамыту; өз халқының қолөнеріне деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.<br>**Мүсіндеу**<br>**Ит –жеті қазынаның бірі**<br>Балалардың адам мен жануар бейнесін мүсіндей алу іскерлігін қалыптастыру.<br>жануар бейнесін жасай алуға баулу, ермексазбен | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Менің Отаным – Қазақстан**<br>Отан деген сөздің мағынасын түсіндіру. Өзінің Отаны туралы әңгімелеп айтуға үйрету, зейіндерін дамыту. Туған жерін, Отанын сүюге тәрбиелеу.<br><br>**Өзін-өзі тану**<br>**Отбасылық мерекелер**<br>«Отбасы» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, отбасылық мерекелер туралы түсініктерін, қуанышты көңіл күй сыйлау дағдыларын қалыптастыру, отбаса |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Педагогтің белгісі бойынша бір орында тұрып оңға, солға бұрылу; Гимнастикалық адыммен жүру. Қолды түрлі қалыпта ұстап жүгіру. Дорбашаны тік нысанға иықтан асыра оң және сол қолмен лақтыруды, қарынмен арқаға құм қапшыққа қойып еңбектеуді үйрету.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>Екі шеңберге тұру. Бір орында тұрып жан-жаққа секіре бұрылу. Баяу жүру, теріс қарап алға қарай жүруді жүгірумен алмастыру. Бір-біріне қақтығыспай, бірінің артынан бірі жұптасып, «жыланша» ирелеңдеп жүгіру. Гимнастикалық орындық үстінде арасы екі қадам алыс қойылған доптардан аттап жүру. Алға қарай бір аяқтан екінші аяққа ауысып, секіруді үйрету. Тепе-теңдік және ептілік дағдыларын дамыту | Т дыбысы естілетін сөздер ойлап, дыбыстық талдау жасауды  үйрету. Жаттығуларды орындату арқылы шыдамдылыққа, тапқырлыққа баулу<br>**Көркем әдебиет**<br>**Мақтақыз бен мысық** (қазақ халық ертегісі) Ертегіні мазмұндауда балалардың кабілеттілігін калыптастыру. Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі арқылы еңбекке баулу. Ертегі бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Әдеби жанрдың бір түрі ертегі туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Орыс тілі**<br>Пән мұғалімінің жоспары бойынша | тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстырып, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту. Зерттеушілік мінез-құлық пен «жаңаны танысам» деген құлшыныстарын дамыту. | ұқыпты жұмыс істеуге дағдыландыру, баланың ойлау қабілетін, қол қимыл әрекетінің үйлесімділігін,шығарма шылық қабілетін, көркемдік талғамын дамыту, балаларды үй жануарларын сүюге,оларға қамқор бола білуге,ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Жапсыру**<br>**Құмырадағы гүл**<br>Қағазды бірнеше бүктеуарқылы қию әдісіне үйретуді жалғастыру,затқа қарап жапсыру дағдыларын қалыптастыру, қол бұлшық еттерін дамыту, сұлулықты сезіне білуге, әсемдікке тәрбиелеу.<br>**Музыка- 2**<br>Музыка жетекшісінің жоспары бойынша | мүшелеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. |

**Қараша айы. ІІІ апта.**

**Өтпелі тақырып:**«Табиғат әлемі»

**Тақырыбы:** «Жабайы жануарлар әлемі»

**Мақсаты:**Жабайы жануарлардың тіршілігі, қорегі туралы түсініктерін кеңейту, жануарлар әлеміне қызығушылығын, қамқорлық сезімін ояту.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **1.Дене шынықтыру**<br>Екі шеңберге тұру, 2-3 қатар сапқа тұру, тізбекпен баяу жүру, теріс қарап алға қарай жүру, жүруді жүгірумен алмастыру, бір орында тұрып, жан-жаққа секіре бұрыла, тәрбиешінің тапсырмасын орындай жүруге жаттықтыру. Гимнастикалық орындық үстімен, баладан екі қадам алыста тұрған, құм толтырылған доптардан аттап жүруді бекіту. Арқан баспалдақпен бір тәсілмен өрмелеуге үйрету.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Екі шеңберге тұру, 2-3 қатар сапқа тұру, тізбекпен баяу жүру, | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Әжесін қайсы жақсыкөреді**<br>(Ертегі)<br>Балаларды шағын әңгімені тыңдай отырып, оны бейнелеп, мазмұнын айтуды үйрету. Қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру. Әжелерін ренжітпеуге, әрдайым үлкенді сыйлауға тәрбиелеу<br>**Сауат ашу**<br>**«Т» дыбысы мен әрпі**<br>«Т» дыбысы және оның әріп таңбасын қайталату, балалардың тілдік қорларын, жазбаша тапсырмаларды орындау арқылы қолдың ұсақ қимылдарын дамыту, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Сауат ашу**<br>**«Қ» дыбысы мен әрпі** | **Математика негіздері**<br>**Дөңгелек және Сопақша**<br>Дөңгелек және сопақша фигуралар туралы ұғым қалыптастыру. Заттардың пішіндерін анықтауға және оларды басқа пішіндегі заттармен салыстыруға үйрету, заттарды түсі, пішіні, шамасы бойынша ажырату білігін қалыптастыру; кеңістіктік ойлауды дамыту. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br><br>**Құрастыру**<br>**Жаңғақ қабығынан құрастыру** | **Сурет салу**<br>**Гүлдене бер, Қазақстан!**<br>(Акварель бояу)<br>Мазмұнды сурет салуда бейнелерді бүкілпараққа орналастыра білу дағдыларын қалыптастыру. Балалардың туған жердің көрінісін қағазға түсіре білудегі шығармашылық ойлауын дамыту, өз елін, жерін сүйе білуге, жұмысты орындауда тиянақтылық мен ептілікке тәрбиелеу<br>**Мүсіндеу**<br>**Жайылымдағы түйе**<br>Әдемі түйенің мүсінін ермексаздан жасау әдістәсілдерін меңгерту,есу, шымшып | **Өзін-өзі тану**<br>**Отбасындағы қуаныш**<br>«Бақыт», «қуаныш» құндылықтарының мәнін түсіндіру, отбасындағы үйлесімді қарым-қатынас жасауға үйрету, отбасы мүшелеріне қамқорлық, жанашыр сезімдерін дамыту, отбасындағы өзара сыйластыққа тәрбиелеу |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| теріс қарап алға қарай жүру, жүруді жүгірумен алмастыру, бір орында тұрып, жан-жаққа секіре бұрыла, тәрбиешінің тапсырмасын орындай жүруге жаттықтыру. Гимнастикалық орындық үстімен, баладан екі қадам алыста тұрған, құм толтырылған доптардан аттап жүруді бекіту. Арқан баспалдақпен бір тәсілмен өрмелеуге үйрету.<br>**3.Қауіпсіз мінез-құлық негіздері**<br>Дене мүшелері туралы алған білімдерін жетілдіру.Тері, тырнақ және шаш туралы жалпы түсінік беру. Терінің құрылысымен, оның атқаратын қызметімен таныстыру. Өз дене мүшелеріне күтім жасауға дағдыландыру. | Қ әрпі және дыбысымен таныстыру.  Балаларды қ дыбысы бар сөздерді таза, анық сөйлеуге үйрету. Буын туралы түсініктерін кеңейту. Сөйлем құрастыру арқылы байланыстырып сөйлеуге үйретуді жалғастыру. Балалардың оқи білуге деген құштарлықтарын арттыру.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Әдептілік әлемі**<br>(өлең оқу) Ермек Өтетілеуұлы**.** Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқу, өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету.Сурет  бойынша әңгіме құрастыртуда сюжеттің бірізділігін сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Әдептілікке, кішіпейілділікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.<br>**Орыс тілі**<br>Пән мұғалімінің жоспары бойынша | Табиғи материалдарды мақсатты пайдалана білуді бекіту,  грек жаңғағын пайдалану арқылы белгілі бір заттардың бейнесін құрастыра алуға дағдыландыру.<br>**Жаратылыстану**<br>**Тұқымнан не өсіп шығады?**<br>Балалардың өсімдіктердің көбею тәсілдері, оның өсуіне кері әсер ететін белгілі бір жағдайлар, өсімдіктің өсу және дамуының негізгі кезеңдері туралы түсініктерін кеңейту. Қарапайым экологиялық және зерттеушілік мәдениетін дамыту. Топта өзінің құрбы-құрдастарымен бірігіп жұмыс істей білуге үйрету. | созу, домалақтау әдістерін меңгерту, түстерді дәл таңдай білу арқылы ұсақ қол моторикасын дамыту, үй жануарларына күтім жасауға, қамқор болуға тәрбиелеу, еңбекке баулу.<br>**Жапсыру**<br>**Бөлме өсімдіктері**<br>Екіге бүктелген қағаздысимметриялы сызықпен кесуге, бүктеу арқылы қиюға үйрету.Қайшыны дұрыс ұстау,пішінді ұқыпты қиюын жетілдіру, қағазды бүктеу, жазу арқылы саусақтарды әртүрлі ұсақ қимылдар жасауға үйрету, балалардың бөлмеде өсірілетін гүлдер жайлы түсініктерін кеңейту, бөлме гүлдерін күтіп-баптауға тәрбиелеу.<br>**Музыка- 2**<br>Музыка жетекшісінің жоспары бойынша | |

**Қараша айы. IV апта.**

**Өтпелі тақырып:** «Табиғат әлемі»

**Тақырыбы:** «Су қойма мекендеушілері»

**Мақсаты:**Су асты тіршілігіне қызығушылығын тудыру. Оларға қамқорлықпен қарап, күте білуге тәрбиелеу.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **1.Дене шынықтыру**<br>Бір қатар сапқа тұру, бір-бірден бір қатар сапқа тұру. Бірінші, екіншіге есептеу. Сапта аяқтың ұшымен бум, кедір-бұдыр жерлермен жүру. 1 мин дейін шамалы қарқынмен жүру, жүгіру. Алға қарай жылжып, допты қос қолмен лақтырып, қайта қағып алу тәсілдерін бекіту. Гимнастикалық қабырғаның басына дейін өрмелеу, басқа аралыққа ауысып төмен түсуге үйрету. Қимыл үйлесімділігін, ептілік пен шапшаңдықты дамыту.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Бір қатар сапқа тұру, бір-бірден бір қатар сапқа тұру. Бірінші, екіншіге есептеу. Сапта аяқтың ұшымен бум, кедір-бұдыр жерлермен жүру. 10-15 м жарыса жүгіру. Гимнастикалық қабырғаның басына дейін | **Сөйлеуі дамыту**<br>**Қысқа дайындық**<br>Дыбыстарды дұрыс айтып, қандай дыбыс екенін анықтай білу қабілеттерін дамыту. Балалардың ойлау қабілетін және тілін дамыту. Туған табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.<br>**Сауат ашу**<br>**«Қ» дыбысы мен әрпі**<br>«Қ» дыбысы және оның әріп таңбасын қайталату, балалардың тілдік қорларын, жазбаша тапсырмаларды орындау арқылы қолдың ұсақ қимылдарын дамыту, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | **Математика негіздері**<br>**Шар, текше, цилиндр**<br>Көлемді геометриялық фигуралармен таныстыру және оларды тануды үйрету; кеңістіктік ұғымдарды, санау дағдыларын дамыту жұмысын жалғастыру; талдау, салыстыру білігін дамыту. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**Жаратылыстану**<br>**Өсімдіктерге не қажет?**<br>Өсімдіктердің тірі ағза екенін және өсу үшін барлықтіршілік иесі | **Сурет салу**<br>**Ертегідегіқұс**<br>(Акварель бояу)<br>Құстардың сыртқы бейнесі туралы жалпы ұғымқалыптастыру, құстар туралы білімдерін жетілдіру. Ертегі желісі бойынша сурет салуға үйрету, балалардың құстар туралы білімдерін кеңейту,құстың пішіні және оны ретімен орналастыруда шығармашылық қабілеттерін дамыту; тәрбиелік: жұмысты ұқыпты, таза жасауға тәрбиелеу<br>**Мүсіндеу**<br>**Жүйрік ат**<br>Үй жануарларын ажырата отырып, мүсіндеуәдістерімен таныстыру,мүсіндеу | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Жас экологтер**<br>Жанды организмдер тіршілік ету үшін өзіне қажетті ауа, су, қоректік затты қоршаған ортадан алатынын түсіну. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| өрмелеу, басқа аралыққа ауысып төмен түсуге үйрету. Қимыл үйлесімділігін, ептілік пен шапшаңдықты дамыту.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>Бір қатар сапқа тұру, бір-бірден бір қатар сапқа тұру. Бірінші, екіншіге есептеу. Сапта аяқтың ұшымен бум, кедір-бұдыр жерлермен жүру. 10-15 м жарыса жүгіру. Гимнастикалық қабырғаның басына дейін өрмелеу, басқа аралыққа ауысып төмен түсуге үйрету. Қимыл үйлесімділігін, ептілік пен шапшаңдықты дамыту. | **Сауат ашу**<br>**«М» дыбысы мен әрпі**<br>М әрпі және дыбысымен таныстыру. М дыбысы дауыссыз дыбыс екенін түсіндіру.М дыбысы бар сөздер ойлап табу және сол сөздермен сөйлем құрастыру. Танымдық қызығушылықтарын арттыру.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Ақымақ қасқыр**<br>(ертегі)<br>Балаларға ертегіні оқып жеткізу арқылы ертегі кейіпкерлерінің жағымды-жағымсыз қасиеттерін көре білуге, өз ойларын жеткізе білуге баулу.Әдеби жанрдың бір түрі ертегі туралы түсініктерін кеңейту. Ертегі арқылы жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**Орыс тілі**<br>Пән мұғалімінің жоспары бойынша | секілді оларға да белгілі бір қолайлы жағдайлар қажеттігі туралы түсінік қалыптастыру. Топпен бірге жұмыс істеу, келісімге келу, жанындағы серіктесінің пікірін ескеру сынды құзіреттіліктерін дамыту. Жануарлар мен өсімдіктер әлемін сүюге баулу. | дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорын молайту, тілін дамыту,бастаған істерін аяғына дейін жеткізуге, төзімділікке тәрбиелеу.<br>**Жапсыру**<br>**Тауыс**<br>Бірнеше бөліктерден тұтасбейне құрастырып жапсыруға үйрету, қаттап қию арқылы бірден бірнеше бөліктерді қиюға үйретуді жалғастыру, түстерді үйлесімді қолдана білуін жетілдіру, қол, саусақ қимылдарын дамыту, өз жұмыстарын бағалай білуге,шыдамдылыққа тәрбиелеу<br>**Музыка- 2**<br>Музыка жетекшісінің жоспары бойынша | **Өзін-өзі тану**<br>**Достық неден басталады**<br>«Дос», «Достық» құндылығы туралы түсінік беру, достарға деген мейірімді қарым-қатынасқа үйрету, достаса білуге тәрбиелеу. |

**Желтоқсан айы. І апта.**

**Өтпелі тақырып:** «Менің Қазақстаным»

**Тақырыбы:** «Тарихқа саяхат»

**Мақсаты:** Туған елімізге деген мақтаныш сезімін ояту. Отанын, халқының мәдениетін сүюге тәрбиелеу.

| **1.Дене шынықтыру** | **Сөйлеуді дамыту** | **Математика негіздері** | **Сурет салу** | **Өзін-өзі тану** |
|---|---|---|---|---|
| Қол ұстасып шеңбер бойы жүру, жүгіру, бір-бірден сапқа тұруға жаттықтыру. Тәрбиешінің белгісі бойынша бір орында тұрып оңға, солға бұрылу. Қысқа және кең адыммен «ізді» баса жүру, шашырап, заттардың арасымен жүру, жұптасып, бағытты өзгерте жүгіру. Гимнастикалық орындық үстімен жеңіл жүгіру, орындықтың аяғында қолды алға созып отыру, тұру, белгіленген орынға секіріп түсуді, гимнастикалық орындық үстінен етпетінен жатып, | **Алғашқы қар**<br>Дауыссыз дыбыс түрлерін ажырата білуге баулу. Балалардың ойлау қабілетін және тілін дамыту. Туған табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.<br>**Сауат ашу**<br>**«М» дыбысы мен әрпі**<br>«М» дыбысы және оның әріп таңбасын қайталату, балалардың тілдік қорларын, жазбаша тапсырмаларды орындау арқылы қолдың ұсақ қимылдарын дамыту, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Сауат ашу**<br>**«З» дыбысы мен әрпі**<br>З әрпі және дыбысымен | **Үстінде –астында.**<br>**Ішінде –сыртында.**<br>**Алдында –артында. Оң жақта – сол Жақта**<br>Балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету: жоғары – төмен, оң жақ – сол жақ, ортасында, арасында, балаларды қағаз парағының бетінде бағдарлау (жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта); жад пен кеңістіктік<br>ойлауды дамыту білігін қалыптастыру. Есте сақтау, сөйлеу,<br>назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. | **Менің сүйікті ертегім**<br>(Акварель бояу)<br>Балаларды сурет салғанда ертегілер сюжетін,өздері ұнататын кейіпкерлерге тән сипаттарды бере білуге баулу, балаларды елестете отырып сурет салу тәсілдерімен таныстыру, балаларды ертегі кейіпкерлерін реттілігімен қағаз бетіне орналастыруды үйрету, бауырмалдыққа, достыққа, бір-біріне деген қамқорлыққа тәрбиелеу.<br><br>**Мүсіндеу**<br>**Бұғы**<br>(Дымков ойыншығы)<br>Дымков ойыншығын жасауды, сәндік мүсіндеуөнерін | **Адал дос**<br>«Адалдық», «Адал дос» туралы түсінңктерін кеңейту, адал дос туралы түсінік беру, адалдық қасиеттерін дамыту, адал дос болуға тәрбиелеу.<br>Қыс<br>(өлеңді жаттау)<br>Абдрахман Асылбеков |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| қолымен тартыла жылжуды үйрету.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Қолды ұстасып бойы жүру, жүгіру, бір-бірден сапқа тұруға жаттықтыру.<br>Тәрбиешінің белгісі бойынша бір орында тұрып оңға, солға бұрылу. Қысқа және кең адыммен «ізді» баса жүру, шашырап, заттардың арасымен жүру, жұптасып, бағытты өзгерте жүгіру.<br>**3.Қауіпсіз мінез-құлық негіздері**<br>**«Әдет»**<br>Пайдалы және зиянды әдеттер туралы білімдерін жетілдіру. Балаларды әдепті болуға, зиянды әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу. | таныстыру. З дыбысы кездесетін сөздер ойлап, буынға бөлуге үйрету.Балалардың білімге деген құштарлығын арттыру.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Қыс**<br>(өлеңді жаттау)<br>Абдрахман Асылбеков «Қыс» өлеңін мәнерлеп оқып, мазмұнын ашу. Балаларға табиғат көріністерін сипаттауды, қыс қызықтарын айтқызып үйрету. Өлең шумақтарын жаттату, сөздік қорларын молайту.Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Табиғат әдемілігін сезіне білуге тәрбиелеу.<br>**Орыс тілі**<br>Пән мұғалімінің жоспары бойынша | **Құрастыру**<br>**Менің астанам**<br>Топтағы ірі құрылыс материалдарынан өз ойларынан құрылыс жасай білуге бағыт беру, өздері жасаған құрылыстарын әңгімелеп айтып беру және жасаған құрылыстарына талдау жсауға үйрету. Өзара түсіністікке тәрбиелеу.<br>**Жаратылыстану**<br>**Табиғат бұрышын мекендеушілерді білесің бе?**<br>Табиғат бұрышын мекендейтін атжалман, теңіз шошқасы сынды тіршілік иелері туралы білетін мәліметтерін толықтыру. Белгілі бір жануарды суреттеу қабілеттерін, зейінін және есте сақтау қабілеттерін дамыту. Жануарлар әлеміне дегенсүйіспеншіліктерін арттыру, оларға қамқорлық жасауға құштар етіп тәрбиелеу. | үйрету.Мүсін өнерінің түрлерімен таныстыру, мүсіндеу іскерліктерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, өнерді бағалай білуге тәрбиелеу, эстетикалық сезімдерін қалыптастыру.<br>**Жапсыру**<br>**Тікұшақ**<br>Түрлі формадағы бөлшектерді қиып, үлгі бойынша тұтас бейне құрауға үйрету,тікұшақ туралы білімдерін кеңейту, балалардың ой-өрісін, шығармашылық қабілеттерін дамыту, шыдамдылыққа, таза жұмыс істей білуге тәрбиелеу.<br>**Музыка**- 2<br>Музыка жетекшісінің жоспары бойынша | |

**Желтоқсан айы. II апта.**

**Өтпелі тақырып:** «Менің Қазақстаным»

**Тақырыбы:** «Менің туған қалам»

**Мақсаты**: Қоршаған ортаға сүйсіне білу, өз қаласының (ауылының) атауын білуді қалыптастыру. Өз үйін тұрған жерін бағалай білуге тәрбиелеу.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **1.Дене шынықтыру**<br>Қол ұстасып шеңбер бойы жүру, жүгіру, бір-бірден сапқа тұруға жаттықтыру.<br>Тәрбиешінің белгісі бойынша бір орында тұрып оңға, солға бұрылу. Қысқа және кең адыммен «ізді» баса жүру, шашырап, заттардың арасымен жүру, жұптасып, бағытты өзгерте жүгіру. Биіктіктен белгіленген орынға секіріп түсу.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Екі қатар сапқа тұру, бірінің артынан бірі аяқты жоғары көтере, алға соза жүру, шапшаң жылдамдықта шашырап, белгі бойынша тоқтай жүгіру, ұлттық би | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Менің Отаным**<br>(өлең)<br>Зат есімдерге тәуелді жалғауын жалғап айтуға үйрету.Отанды, туды құрметтеуге тәрбиелеу. Тіл байлығын дамыту.<br>**Сауат ашу**<br>**«З» дыбысы мен әрпі**<br>«З» дыбысы және оның әріп таңбасын қайталату, балалардың тілдік қорларын, жазбаша тапсырмаларды орындау арқылы қолдың ұсақ қимылдарын дамыту, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Сауат ашу**<br>**«Е» дыбысы мен әрпі**<br>Е әрпі және дыбысымен таныстыру.Е дыбысын меңгерту. Құрамында Е дыбысы бар сөздер ойлап, сол сөздермен сөйлем | **Математика негіздері**<br>**Қағаз бетінде бағдарлау**<br>Балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету, қағаз бетінде бағдарлауға (жоғарыда, төменде,оң жағында, сол жағында) қалыптастыру; қағаз бетінде бағдарлау (жоғары, төмен, ортасы, оң жақ, сол жақ)<br>дағдыларын дамыту. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу. | **Сурет салу**<br>**Қолғап**<br>(Акварель бояу)<br>Қазақ халқының ұлттық киімдері мен заттары туралы білімдерін кеңейту және олардың қолданылу мүмкіншіліктерін ажыратуға үйрету, сұлбаға сәйкес ою-өрнектерді дұрыс орналастыра алу, балалардың шығармашылық қабілетін дамыту,түрлі пішінде симметриялық ою-өрнектерді<br>құрастыра білуге және жинақылық пен ептілікке тәрбиелеу<br>**Мүсіндеу**<br>**Шана**<br>Қысқы табиғат ерекшелігін, әсемдігін сезінуарқылы ойнап | **Қоршаған ортамен танысу**<br>**Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері**<br>Еліміздің рәміздері туралы түсініктерінің болуы және оны құрметтеу; елтаңбада бейнеленген суреттердің нені білдіретінін түсіндіре алу.<br>**Өзін-өзі тану**<br>**Достық бірлікте**<br>«Достық», «бірлік» құндылықтарының мәнін түсінуге ықпал ету, қамқорлық, бірлік туралы түсініктерін кеңейту, достық қарым-қатынас дағдыларын дамыту, айнала |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| элементтерін орындау. Екі аяқпен жылжи секіруді, тізбектеліп және тізерлеп тұрып допты бібіріне қос қолымен басынан асыра лақтыруды үйрету.<br><br>**3. Дене шынықтыру**<br>Жүру, жүгіру, сапта бірінің артынан бірі аяқты жоғары көтере, алға соза жүру, шапшаң жылдамдықта шашырап, бірнеше қатарға тұру, бұрыштарды кеспей жүгіру, жаттықтыру жұмыстарын жалғастыру. Екі аяқпен алға секіріп жүруді бекіту. Алақан салынған қағазды басып жүруді үйрету. | құруды үйрету. Белсенділікке және дербестілікке тәрбиелеу.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тәуелсіз Қазақстан**<br>(өлеңмен таныстыру)<br>Оразақын Асқар<br>Өлең мазмұнына деген қатынасын беруге тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету.<br>«Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идеясына негізделген рухани-адамгершілік жалпы адамзаттық құндылықтарды, патриоттық тәрбие арқылы туған жерге деген сүйіспеншіік сезімдерін дамыту.<br>Туған жерін сүюге, қадірлеуге, татулықта, бірлікте өмір сүруге тәрбиелеу.<br>**Орыс тілі**<br>Пән мұғалімінің жоспары бойынша | **Жаратылыстану**<br>**Аквариумда не тіршілік етеді?**<br>Балаларды аквариумдағы балықтардың тіршілігімен таныстыру.<br>Құрбы-құрдастары және ересектермен еркін қарымқатынас жасау арқылы олардың танымдықзерттеушілік іс-әрекеттерін дамыту. Балаларды еңбекқорлыққа, құрбыларымен достық қарым-қатынас жасауға баулу. | жүрген балалардың шанасын мүсіндей білуге үйрету.әртүрлі көлемдегі пішіндер жасау арқылы ермексазбен шананы мүсіндеу жолдарын үйрету, ұсақ қол моторикасын дамыту, мүсіндеу, түстерді дұрыс таңдау, іскерлік дағдыларын жетілдіру;<br>қыс мезгіліне деген қызығушылығын арттыру достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу<br>**Жапсыру**<br>**Қуыршаққа арналған көйлек**<br>Қағазды бүктеу әдісі арқылыкөйлек пішінін қиюға үйрету,қию әдістерін үйретуді жалғастыру, қолдың қимыл әрекеттерінің қозғалғыштығын дамыту,талғампаздыққа, өнерлі болуға ұмтылуға тәрбиелеу.<br>**Музыка- 2**<br>Музыка жетекшісінің жоспары бойынша | қоршаған ортаға мейірімді болуға тәрбиелеу. |

**Желтоқсан айы. ІІІ апта.**

**Өтпелі тақырып:** «Менің Қазақстаным»

**Тақырыбы:** «Тәуелсіз Қазақстан»

**Мақсаты:**Балаларды өз Отаны туралы білімдерін кеңейтіп, қызығушылығын арттыру. Қазақстан Республикасының рәміздеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **1.Дене шынықтыру**<br>Жүру, жүгіру, сапта бірінің артынан бірі аяқты жоғары көтере, алға соза жүру, шапшаң жылдамдықта шашырап, бірнеше қатарға тұру, бұрыштарды кеспей жүгіру, жаттықтыру жұмыстарын жалғастыру. Екі аяқпен алға секіріп жүруді бекіту. Алақан салынған қағазды басып жүруді үйрету.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Екі қатар сапқа тұру, бірінің артынан бірі аяқты жоғары көтере, алға соза жүру, шапшаң жылдамдықта | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Қыс.** А. Құнанбаев (өлең)<br>Мазмұны бойынша әңгімелесуге үйрету, балалардың сөзімен суреттеп, сөйлей білу қабілеттерін дамыту, еңбекқорлыққа тәрбиелеу<br>**Сауат ашу**<br>**«Е» дыбысы мен әрпі**<br>«Е» дыбысы және оның әріп таңбасын қайталату, балалардың тілдік қорларын, жазбаша тапсырмаларды орындау арқылы қолдың ұсақ қимылдарын дамыту, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Сауат ашу**<br>**«Ә» дыбысы мен әрпі**<br>Ә әрпі және дыбысымен таныстыру. Балаларға Ә дыбысы бар сөздерді | **Математика негіздері**<br>**Кеше, бүгін,ертең, бүрсігүні.**<br>**Таңертең,күндіз, кеш, түн.**<br>Балаларды «ұзақтық» (уақыт) терминімен таныстыру,уақытты сипаттайтын сөздердің атауларын анықтау: кеше, бүгін, ертең, бүрсігүні; таңертең, күндіз, кеш,түн.<br>Зейін мен жадты дамыту.<br>Шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**Құрастыру**<br>**Шырша бүрлерінен бұйым жасау**<br>Табиғи материалдармен таныстыруды жалғастыру және онымен жұмыс жасауды бекіту, шырша | **Сурет салу**<br>**Мерекелікотшашу**<br>(Акварель бояу)<br>Балаларға салтанатты шерулердің мәнін түсіндіру, мерекелер туралы білімдерін одан әрі жетілдіру, көркемдік талғамдарын дамыту,<br>балаларға мерекелердің мәнін түсіндіру, өз жұмысының нәтижесін бағалу,<br>балалардың шығармашылық қиялдарын дамыту,<br>жұмысты икемділікпен орындауға тәрбиелеу<br>**Мүсіндеу**<br>**Аққала соққан бала**<br>Балаларға қыс мезгілі және қыс айлары туралытүсінік беру,<br>әртүрлі көлемдегі домалақтар жасау арқылы ермексазбен | **Өзін-өзі тану**<br>**Менің үйдегі достарым**<br>«Қамқорлық» ұғымының маңызын түсіндіру, үй жануарларына қамқорлық көрсету туралы түсінік беру, үй жануарларымен жағымды қарым-қатынас дағдыларын дамыту, жануарларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| шашырап, белгі бойынша тоқтай жүгіру, ұлттық би элементтерін орындау. Екі аяқпен алға секіріп жүруді бекіту. Алақан салынған қағазды басып жүруді үйрету.<br>**Қауіпсіз мінез-құлық негіздері**<br>Сезім мүшелері туралы,олардың құрылысын, атқаратын қызметін, ағзадағы маңызын іс жүзінде көрсете отырып, түсінік беру. Олардың | анық, таза айтуды үйрету. Ә дыбысы бар сөздерден сөйлемдер құру арқылы байланыстыра сөйлеуге үйрету. Үлкендерге құрмет көрсетуге тәрбиелеу.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Жаңа жыл келді**(өлеңді жаттау)<br>Сағи Жиенбаев<br>Жаңа жыл туралы түсініктерін кеңейту. Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Әдеби жанрдың бір түрі өлең екенін бекіту.Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттату, көтеріңкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету. Ұйымшылдыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.<br>**Орыс тілі**<br>Пән мұғалімінің жоспары бойынша | бүрлерінен алуан түрлі бейнелерді жасауға дағдыландыру, табиғи материалдармен ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.<br>**Жаратылыстану**<br>**Жануарлардың тіршілігі үшін не қажет?**<br>Жануарлардың бәрінің тірі жан иесі екендігі және олардың тіршілік етуіне белгілі бір жағдайлар қажеттігі туралы түсінікті пысықтау. Олардың зейін қойып тыңдау, көзбен көргенін естеу сақтау және сөздік-логикалық жадын, ойлау қабілеттерін дамыту. Зерттеушілік мәдениетін дамыту. | қалай мүсіндеу керектігін үйрету,<br>есте сақтау қабілетін, сөйлеу тілін дамыту,<br>сөздік қорын молайту, еңбек үрдісі арқылы бала қиялын жетілдіру, қолдың ұсақ моторикасы арқылы шығармашылықпен жұмыс істеу қабілеттерін дамыту, ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу<br>**Жапсыру**<br>**Көлік**<br>Симетриялық бүктеу арқылыбірдей екі пішінді қиюға, салыстырмалы орналастыра білуге үйрету, заттың өзгешелігін түсіндіру, таныс әдіс-тәсілдерді қолдану,геометриялық түрлі пішіндерді қиюғаептілік, шығармашылық, есте сақтау,қабілеттерін дамыту, жолда жүру<br>ережелерін сақтап, абай болуға тәрбиелеу.<br>**Музыка- 2**<br>Музыка жетекшісінің жоспары бойынша | |

**Желтоқсан айы. IV апта.**

**Өтпелі тақырып:**«Менің Қазақстаным»

**Тақырыбы:** «Нұр – Сұлтан – Отанымыздың жүрегі»

**Мақсаты:**Біздің Отанымыздың астанасы туралы балалардың білімін кеңейту, патриоттық сезімдерді тәрбиелеу.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **1.Дене шынықтыру** Балаларды тізбекпен жүруге, жүгіруге, жүгіру кезінде түрлі тапсырмалар орындауға, педагогтің белгісі бойынша бағытты өзгерте алға, артқа, аяқты-аяққа таяп қойып, бүйірмен жүруге, орында бұрылу қимылдарын орындауға жаттықтыру. Заттар арқылы оң және сол бүйірмен екі аяқпен алға қарай секіріп жүруді бекіту, гимнастикалық орындық үстінен арқаға дорба іліп алып жүгіруді, қолды жерге тигізбей жіптің астынан еңбектеп өтуді үйрету. **2. Дене шынықтыру** Балаларды тізбекпен жүруге, жүгіруге, жүгіру кезінде түрлі тапсырмалар орындауға, педагогтің белгісі бойынша бағытты өзгерте алға, артқа, аяқты- | **Сөйлеуі дамыту** **Ажарлы қыс** «Ажарлы қыс» үлгі суреті бойынша әңгіме құрауға үйрету. «Сөз»,«Сөйлем» деген не екенін түсіндіру,әр түрлі ойын арқылы балалардың қимыл қозғалысын дамыту,балаларды бірігіп ойнауға, ұйым шылдыққа тәрбиелеу. **Сауат ашу** **«Ә» дыбысы мен әрпі** «Ә» дыбысы және оның әріп таңбасын қайталату, балалардың тілдік қорларын, жазбаша тапсырмаларды орындау арқылы қолдың ұсақ қимылдарын дамыту, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **Сауат ашу** **«Ө» дыбысы мен әрпі** Ө әрпі және дыбысымен | **Математика негіздері** **Апта күндері** Апта күндерінің атауларын бекіту, уақыт туралы ұғымдарды қалыптастыру жұмысын жалғастыру; реттік және есептік санау дағдыларын жетілдіру; зейін мен логикалық ойлауды дамыту. Дербестікке тәрбилеу. **Жаратылыстану** **Боран қалай әндетеді?** Қыста табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап, олардың атын атау және бір-бірінен ажыратуға үйрету. Қарапайым зерттеушілік және экологиялық мәдениет | **Сурет салу** **Жаңа жылмерекесі** (Акварель бояу) Жаңа жыл мерекесі туралы түсінік беру, қиялдау, елестету дағдыларын дамыту. елестету тәсілі қолдана отырып балалардың шығармашылық қиялдарын дамыту, тәрбиелік:жұмысты ұқыпты, таза жасауға тәрбиелеу. **Мүсіндеу** **Қуыршақ** (Дымков ойыншығы) Дымков ойыншығын жасауға, сәндік мүсіндеу өнеріне үйрету,сазбалшықпен жұмыс істей білуге үйрету, сәндік өнерге баулу, ұсақ қол, саусақ моторикасын дамыту, | **Қоршаған ортамен танысу** **Күз және қыс мезгілдеріндегі жабайы жануарлардың тіршілігі.** Жануарлардың күзгі, қысқы тіршілігіндегі өзгерістерді ажыратып айта алу; жабайы және үй жануарлары тіршілігіндегі айырмашылықты анықтай алу. **Өзін-өзі тану** **Достық әлемі** «Достық» ұғымын, оның құндылық ретіндегі мәнін түсіндіру, достық, татулық, бірлік, ұғымдарын түсіндіру, өзара татулық сезімдерін дамыту, достықты қадірлей білуге тәрбиелеу. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| аяққа таяп қойып, бүйірмен жүруге, орында бұрылу қимылдарын орындауға жаттықтыру. Заттар арқылы оң және сол бүйірмен екі аяқпен алға қарай секіріп жүруді бекіту, гимнастикалық орындық үстінен арқаға дорба іліп алып жүгіруді, қолды жерге тигізбей жіптің астынан еңбектеп өтуді үйрету.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>Заттарды аттай, теріс қарап алға қарай жүру, қысқа және кең адыммен бастаушыны ауыстыра жүру, қол ұстасып шеңбер бойы шашырап жүгіруге, сапқа тұру, саптан екі шеңбер құруға жаттықтыру.<br>Гимнастикалық орындық үстімен жүріп, оң-сол жақпен допты еденге соғып және қос қолмен қағып ала жүруді, нысанаға асықты дәлдеп лақтыруды үйрету. | таныстыру және артикуляциясын меңгерту. Ө дыбысы кездесетін сөздер ойлап табу арқылы балалардың сөздік қорларын толықтыру. Танымдық қызығушылықтарын арттыру<br>**Көркем әдебиет**<br>**Мысық, әтеш және түлкі**<br>(ертегі)<br>Ертегіні мазмұндауда балалардың кабілеттілігін арттыру. Ертегінің мазмұнымен және кейіпкерлерімен таныстыру. Ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.<br>Шығарма кейіпкерлерімен таныстыру. Әдеби жанрдың бір түрі ертегі туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Орыс тілі**<br>Пән мұғалімінің жоспары бойынша | қалыптастыру.<br>Қоршаған ортаны тануға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Құрбы-құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасай білуге тәрбиелеу. | ұлттық құндылықтарды бағалай білуге тәрбиелеу, эстетикалық сезімдерін қалыптастыру.<br>**Жапсыру**<br>**Домбыра**<br>Ұлттық ою-өрнек элементтерін қию әдісіне және үйлесімді сәндеуге үйрету,бүктелген қағаздан симметриялы пішінді қия білуді жалғастыру, шығармашылық қасиеттерін дамыту, қол қимылдарын жаттықтыру, өнерді бағалай білуге, өнерлі болуға талпынуға ықпал ету.<br>**Музыка- 2**<br>Музыка жетекшісінің жоспары бойынша | |

**Қаңтар айы. І апта.**

**Өтпелі тақырып:** «Дені саудың жаны сау»

**Тақырыбы**: «Бәрі мен жайлы»

**Мақсаты**:Адамның  дене мүшелері туралы түсініктерін кеңейту, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

| **1.Дене шынықтыру** | **Сөйлеуді дамыту** | **Математика негіздері** | **Сурет салу** | **Өзін-өзі тану** |
|---|---|---|---|---|
| Кедергілер арасынан, заттарды аттай, теріс қарап алға қарай, қол ұстасып шеңбер бойы, қол ұстасып шеңбер бойы, шашырап, тоқтамай жүгіру, қысқа және кең адыммен бастаушыны ауыстыра жүруге, сапқа тұру, саптан 2 шеңбер құруға, қағып алу тәсілдеріне жаттықтыру. Допты жерге соғып, қос қолмен қағып алу дағдыларын бекіту.<br>**2.Дене шынықтыру**<br>Кедергілер арасынан, заттарды аттай, теріс қарап алға қарай, қол ұстасып шеңбер | **Біз де ойнаймыз**<br>(ертегі)<br>М. Төрежанов<br>Ертегі мазмұнын айтуға үйрету, балаларға берілген дыбысқа сөз ойлату, ой-өрісін кеңейту, есте сақтау қабілетін дамыту, туған жердің табиғатына қамқор бола білуге тәрбиелеу.<br>**Сауат ашу**<br>**«Ө» дыбысы мен әрпі**<br>«Ө» дыбысы және оның әріп таңбасын қайталату, балалардың тілдік қорларын, жазбаша тапсырмаларды орындау арқылы қолдың ұсақ қимылдарын дамыту, ұйымшылдыққа | **Ауыр. Жеңіл**<br>Заттардың салмағы мен өлшеуі туралы ұғым қалыптастыру,<br>«жеңіл – ауыр» сөздерін пайдалану арқылы салыстыруға үйрету; заттарды қолға алып, салмағы бойынша салыстыруға және өлшемі бойынша салмағын анықтауға<br>үйрету, кеңістікте орналасуды сипаттау білігін дамыту, зейін, ойлау дағдысын дамыту. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару<br>дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**Құрастыру**<br>**Төбешіктер**<br>Құрылыс материалдарының негізгі | **Аязата**<br>(Акварель бояу)<br>Қоршаған ортадағы болмысты елестеу арқылы<br>сурет салу дағдыларны қалыптастыру. Олардың сипаттамалық белгілерін байқауға үйрету. Аязатаның бейнесін салуды үйрету,жұмысты орындауда ұқыптылық пен ептілікке тәрбиелеу.<br>**Мүсіндеу**<br>**Біздің аю**<br>Аюдың өзіне тән ерекшеліктерін ажырата отырып мүсіндей білуге үйрету,үңгу, бекіту | **Сәлемдесе білемін**<br>Балаларға сәлдесу, амандасу, туралы түсінік беру, сәлемдесе білуге үйрету, балалар бойындағы жақсы қасиеттерді дамыту, әдептілікке тәрбиелеу. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| бойы, қол ұстасып<br>шеңбер бойы,<br>шашырап, тоқтамай<br>жүгіру, қысқа және<br>кең адыммен<br>бастаушыны<br>ауыстыра жүруге,<br>сапқа тұру, саптан 2<br>шеңбер құруға,<br>қағып алу<br>тәсілдеріне<br>жаттықтыру. Допты<br>жерге соғып, қос<br>қолмен қағып алу<br>дағдыларын бекіту.<br>**3.Қауіпсіз мінез-**<br>**құлық негіздері**<br>**Дәрумендердің**<br>**пайдасы.**<br>Дәрумендердің адам<br>денсаулығы үшін<br>маңыздылығын<br>түсіндіру.Дұрыс<br>тамақтану дегеніміз-<br>не? Бала санасына<br>бекіту. Дұрыс<br>тамақтана білу<br>машығын<br>қалыптастыру. | тәрбиелеу.<br><br>**Сауат ашу**<br>**«У» дыбысы мен әрпі**<br>У әрпі және<br>дыбысымен таныстыру.<br>Дауысты және<br>дауыссыз дыбыстарды<br>ажырата білуді<br>үйретуді жалғастыру.<br>Балалардың<br>дүниетанымын кеңейту.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Әкесі мен балалары**<br>(әңгімелеу)<br>Лев Толстой<br>Сурет бойынша<br>әңгіменің мазмұнын<br>мәнерлеп<br>жеткізу.Көркем<br>шығарманы тыңдауға<br>деген қызығушылығын<br>арттыру және оның<br>мазмұнын түсіне<br>отырып әңгімені<br>аяқтауға дағдыландыру.<br>Татулыққа, достыққа<br>тәрбиелеу.<br>**Орыс тілі**<br>Пән мұғалімінің<br>жоспары бойынша. | бөліктерін, төбешіктің<br>негізгі және қосымша<br>бөлшектерін ажырата білу<br>(тірегі, сырғанап түсетін<br>бөлігі, басқыштары,<br>ұстайтын бөліктері т.б.),<br>бөлшектерін атауға үйрету,<br>оларды көлемі, түсі<br>бойынша ажырата білуге<br>баулу<br>**Жаратылыстану**<br>**Қыстап қалатын**<br>**құстар немен**<br>**қоректенеді?**<br>Құстардың қысқы тіршілігі<br>туралы түсініктерін<br>кеңейту. Балалардың<br>бойында табиғат жөнінде<br>қарапайым ғылыми түсінік,<br>табиғатпен қарым-қатынас<br>жасау мәдениетін<br>қалыптастыру. Қарапайым<br>ғылыми<br>түсініктерін дамыту;<br>заттарды салыстырғанда<br>талдау<br>қабілеттерін дамыту.<br>Жануарларға<br>қамқорлықпен<br>қарауға тәрбиелеу. | әдістерін меңгерту,<br>салыстыра отырып<br>жұмыс істеу<br>дағдыларын<br>қалыптастыру,<br>мүсіндеу<br>іскерліктерін, қол,<br>саусақ<br>икемділіктерін<br>дамыту,табиғатты<br>сүюге және аялауға<br>тәрбиелеу<br>**Жапсыру**<br>**Қысқы орман**<br>Жырту әдісі арқылы<br>бейнелермен сюжетті<br>толықтыруға үйрету.<br>Қыс мезгілінің<br>ерекшеліктері<br>туралы түсініктерін<br>кеңейту, суретке<br>қарап шағын әңгіме<br>құрастыру<br>дағдыларын<br>қалыптастыру, саусақ<br>қимылдарын<br>жетілдіру, әсемдікке<br>тәрбиелеу.<br>**Музыка- 2**<br>Музыка жетекшісінің<br>жоспары бойын | |

**Қаңтар айы. ІІ апта.**

**Өтпелі тақырып:** «Дені саудың жаны сау»
**Тақырыбы**: «Дұрыс тамақтану»
**Мақсаты:**Адам денсаулығына қажетті дәрумендер, тағамдар туралы түсініктерін кеңейту. Асты қадірлеуге, қастерлеуге тәрбиелеу.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **1.Дене шынықтыру** Тізбекпен жүру, арқан, жіп үстінен тура, бүйірмен жүру, ирелеңдеп жүгіру, белгі бойынша бағытты өзгерте баяу жүгіру, бір аяқтан екінші аяққа кезектестіре секіре жүгіру, тәрбиешінің белгісі бойынша бір орында тұрып шыр айнала бұрылуға жаттықтыру, гимнастикалық адыммен жүру. Орындықтан секіріп түсуді, биіктікке секіруді үйрету. Бір қолмен дорбашаны төменнен шығыршық ішіне лақтыруды үйрету. **2.Дене шынықтыру** Тізбекпен жүру, арқан, жіп үстінен тура, бүйірмен жүру, ирелеңдеп жүгіру, белгі бойынша бағытты өзгерте баяу жүгіру, бір аяқтан екінші аяққа кезектестіре | **Сөйлеуді дамыту** **Ақсақ құлан** (аңыз) «Ақсақ құлан» аңызының мазмұнын түсіндіру, балалардың тілдік қорларын байыту, аңшылық туралы ұғымдарын кеңейту,хайуанаттарға қастық жасамауға тәрбиелеу. **Сауат ашу** **«У» дыбысы мен әрпі** «У» дыбысы және оның әріп таңбасын қайталату, балалардың тілдік қорларын, жазбаша тапсырмаларды орындау арқылы қолдың ұсақ қимылдарын дамыту, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | **Математика негіздері** **Заттарды салмағы бойынша салыстыру** Заттардың салмағы және оларды өлшеу туралы ұғымдарды бекіту, «жеңіл – ауыр» сөздерін пайдалана отырып,салыстыруды үйрету, заттардың салмағын өлшемі бойынша анықтауды үйрету, кеңістікте орналасуды сипаттау білігін дамыту жұмысын | **Сурет салу** **Мерекелік дастарқан** (Акварель бояу) Қазақтың дастарқаны, қонақ күту рәсімі туралытүсініктерін жетілдіру. Іс-әрекет барысында өз ойын толық жеткізе әңгімелеу арқылы тілін дамыту. Дастарқанды әшекейлеу арқылы көркемдік талғамын қалыптастыру, әсемдікті, сұлулықты сезіне білуге тәрбиелеу **Мүсіндеу** **Қоян көжектерімен** Балаларды қоянның тыныс-тіршілігімен таныстыру,қоянның үй жануарына жататынын түсіндіру, ермексазды | **Қоршаған ортамен танысу** **Тұрмыстық техника, оның қажеттілігі** Тұрмыстық техниканың шығу тарихымен, адам үшін қажеттілігімен танысу; қарапайым тұрмыстық техниканың қалай қолданылатыны туралы түсініктерін қалыптастыру. **Өзін-өзі тану** **Жақсылыққа-жақсылық** «Өзара достық», «жақсылық» ұғымдары туралы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| секіре жүгіру, тәрбиешінің белгісі бойынша бір орында тұрып шыр айнала бұрылуға жаттықтыру, гимнастикалық адыммен жүру. Бір қолмен дорбашаны төменнен шығыршық ішіне лақтыруды үйрету. Қолды жерге тигізбей шығышықтан тура және бір бүйірмен өтуді үйрету.<br>**3.Дене шынықтыру**<br>Тізбекпен жүру, арқан, жіп үстінен тура, бүйірмен жүру, ирелеңдеп жүгіру, белгі бойынша бағытты өзгерте баяу жүгіру, бір аяқтан екінші аяққа кезектестіре секіре жүгіру, тәрбиешінің белгісі бойынша бір орында тұрып шыр айнала бұрылуға жаттықтыру, гимнастикалық адыммен жүру. Бір қолмен дорбашаны төменнен шығыршық ішіне лақтыруды үйрету. Қолды жерге тигізбей шығышықтан тура және бір бүйірмен өтуді үйрету. | **Сауат ашу**<br>**«И» дыбысы мен әрпі**<br>И әрпі және дыбысымен таныстыру. И дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасау. Айтылу артикуляциясын меңгерту. Сөздер арасынан И дыбысын табуға үйрету.Осы сөздермен сөйлем ұқрауға байланыстыра сқйлеуге үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Жақсы мен жаман**<br>(өлеңді жаттау)<br>Рақым Тышқанбаев<br>Жақсы мен жаман туралы түсініктерін кеңейту. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру.<br>Өлеңді мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету.<br>**Орыс тілі**<br>Пән мұғалімінің жоспары бойынша. | жалғастыру, зейінді, ойлауды, сөйлеу дағдыларын дамыту. Дербестікке тәрбиелеу.<br>**Жаратылыстану**<br>**Қыста егіс алқаптарында неліктен қар тоқтатады?**<br>Судың: қатты, сұйық және газ тәріздес үш түрлі күйі<br>туралы түсінік қалыптастыру. Балаларға қарапайым ғылыми білім беру.<br>Зерттеушілік іс-әрекеттеріне баулу. | алақанның арасында домалата отырып,оны жалпақтау тәсілдерін жетілдіру<br>**Жапсыру**<br>**Қысқы түн**<br>Үлкен және кіші геометриялық пішіндерді салыстыра отырып жапсыруға үйрету,<br>жапсырудың әдіс-тәсілдерін<br>үйрету, өз беттерімен жұмыс істеу дағдыларын дамыту, қайшымен жұмыс істей білу қабілеттерін арттыру,табиғатты сүюге, қорғауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Музыка- 2**<br>Музыка жетекшісінің жоспары бойынша | түсінік беру.<br>Достық қарым-қатынас туралы түсініктерін кеңейту, үлкендермен, құрбыларымен сыйластық қарым-қатынас мәдениетін дамыту, достықты қадірлей білуге үйрету. |

**Қаңтар айы. ІІІ апта.**

**Өтпелі тақырып:** «Дені саудың жаны сау»

**Тақырыбы**: «Өз-өзіңді қорғай біл»

**Мақсаты**: Күнделікті өмірдегі жазым болудың алдын алатын және күтпеген оқиғалардан өзін сақтандыратын іс-әрекеттердің қарапайым ережелерімен таныстыру.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **1.Дене шынықтыру**<br>Бір тібекпен жүру, тәрбиешінің белгісі бойынша аяқтың ұшымен, өкшемен, белгі бойынша шыр айнала бұрылып жүру, заттардың арасынан шашырамай, 2 минутқа дейін жүгіру. Бұрыштарда шыр айнала бұрылып жүру, тізбекпен келе жатып бір-бірден жан-жаққа тарауға, қолды жерге тигізбей шығыршықтан тура және бүйірмен өтуге жаттықтыру. Гимнастикалық орындықтан белгіленген орынға биіктіктен секіріп түсуді үйрету. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Су торғайы**<br>Суреттегі құстарды сипаттап, айырмашылықтарын тауып,байланыстырып сөйлеуге үйрету. Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Құстар туралы білімдерін жетілдіру.<br>**Сауат ашу**<br>**«И» дыбысы мен әрпі**<br>«И» дыбысы және оның әріп таңбасын қайталату, балалардың тілдік қорларын, жазбаша тапсырмаларды орындау арқылы қолдың ұсақ қимылдарын дамыту, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Сауат ашу**<br>**«Й» дыбысы мен әрпі**<br>Й әрпі және дыбысымен | **Математика негіздері**<br>**Бүтін және бөлік**<br>«Бүтін және бөлік» терминдерін енгізу, бөліктерден бүтінді құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету, түпкілікті жиын мен оның құрамдас бөліктерінің арасындағы қатынасты анықтау білігін дамыту,бүтін өзінің бөлшегінен үлкен сандарды салыстыру білігін қалыптастыруды жалғастыру. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**Құрастыру**<br>**Көліктер**<br>Құрылыс материалдарымен және «Лего» | **Сурет салу**<br>**Қыстағы жапырақсыз қайың ағашы**<br>(Акварель бояу)<br>Серуен кезіндегі бақылаудан кейін алған әсерлерін суретте бейнелеу. Қыстағы жапырақсыз аққайың бейнесін бере білуді үйрету,балалардың қайың ағашы туралы білімдерін арттыру, балалардың шығармашылық қабілетін дамыту,табиғатқа деген сүйіспеншілікке, қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**Мүсіндеу**<br>**Жіп орамымен ойнаған мысық**<br>Үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту, | **Өзін-өзі тану**<br>**Түсінісу мен кешіруді үйренеміз**<br>«Кешірім», «өзара түсіністік» адамгершілік қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту, кешірім, түсінісу сөздерінің мағынасын түсіндіру, балалардың жақсы қасиеттерін дамыту, өзара сенім мен түсіністікке тәрбиелеу. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
